– Жаңа жағдаяттарға бейімделу: жаңа білім мен дағдыларды тез меңгеру, өзгерістерге төтеп беру және жаңа міндеттерді шешу.

– Топта тиімді жұмыс жасау: өзін және басқа адамдарды түсіну, конструктивті өзара әрекеттестік орнату және ортақ мақсаттарға жету үшін ынтымақтастықта болу [4], [5].

Рефлексиялық құзыреттілік болашақ мамандарға жаңа еңбек жағдайларына тез бейімделуге, олардың біліктілігін арттыруға және еңбек нарығында сұранысқа ие болуға көмектеседі [6, 71 б.].

Зерттеу жұмысында қарастырып отырған екінші сұраққа жауап іздеуде білім берудегі құзыреттілік, рефлексивтік, белсенділік пен тұлғалық-бағдарлы тәсілдер мен Д.Шен, А.Колб, В.Давыдов, А.Вербицкий, Е.Бондаревская және т.б. зерттеу әдістерін негізге алынды [7, 2 б.].

Зерттеу деректерін жинау үшін А.В. Карпов әзірлеген рефлексивтілік сауалнамасы (РС) және В.В. Пономарева әзірлеген рефлексивтілік деңгейін анықтау әдістемесі (РДАӨ) қолданылды. А.В. Карпов әзірлеген рефлексивтілік сауалнамасы (РС) зерттеуге қатысушылардың рефлексиялық қабілеттерінің даму деңгейін анықтауға бағытталған 16 сұрақтан тұрады. Рефлексивтілік сауалнамасы ой тереңдігі, жылдамдық, тиімділік және сыни ойлау сияқты рефлексия өлшемдерін бағалауға мүмкіндік

береді. Ал, В.В. Пономарева әзірлеген рефлексивтілік деңгейін анықтау әдістемесі (РДАӘ) рефлексиялық құзыреттіліктің әртүрлі аспектілерін сипаттайтын 27 сұрақтан тұрады. Ол жеке жұмыс деңгейінде рефлексиялық дағдыларды диагностикалауға арналған [8, 124 б.].

Сонымен қатар, экспериментке қатысушылардан рефлексиялық құзыреттілікке пікірлерін алу мақсатында сұхбат алынып, оған сапалық талдау жасалды. Алынған сапалық талдау нәтижесі болашақ мамандардың рефлексиялық құзыреттілігін қалыптастыруда қандай әдістер қолдану қажеттілігі туралы түйін жасауға мүмкіндік берді.

Зерттеуге қатысушыларды іріктеу үдерісіне тоқталар болсақ: қалыптасқан жағдаятқа байланысты, зерттеу экспериментіне қатысушылардың ұялы құрылғыларына шақыру сілтемелері жіберілді. Сілтемені ашып қараған болашақ мамандар бұл зерттеуге қатысу ерікті екенін, қатысқан күннің өзінде олардан артық ресурс талап етілмейтінін, сондай-ақ, олардың жауаптары мен жеке деректері құпия сақталатындығына көз жекізген соң, қатысуға келісім берді. Зерттеуге жалпы 60 болашақ маман қатысты. Қатысушылар екі топқа бөлінді: эксперименттік (30 адам) және бақылау (30 адам). Зерттеуге қатысушылардың сипаттамалары: жынысы – әйелдер 80% және ерлер 20%, Жасы – 18-ден 21 жасқа дейін, ұлты – қазақ 90% және басқа ұлт өкілдері – 10%.

Зерттеу жұмысы дайындық, негізгі және қорытынды кезеңдерінен тұрды. Дайындық кезеңінде зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерге теориялық талдау жасалып, зерттеудің мақсаты, міндеттері мен әдіснамасы және деректерді жинау әдістері анықталды. Сондай-ақ рефлексиялық құзыреттіліктің бастапқы деңгейін анықтау үшін зерттеуге қатысушыларға алдын ала тестілеу және сауалнама жүргізілді.

Зерттеудің негізгі кезеңінде рефлексиялық білім беру нысандары мен әдістерін пайдалана отырып, болашақ мамандарда рефлексиялық құзыреттілікті қалыптастыру бойынша эксперимент жүргізілді. Эксперимент «Педагогика» пәні аясында бір семестр (төрт ай) жүргізілді. Эксперименттік топта келесі рефлексиялық білім беру әдістері мен тәсілдері қолданылды:

Рефлексиялық семинар. Бұл болашақ маман педагогикалық мәселелерді шешетін, олардың іс-әрекеттері мен нәтижелерін талдайтын, өзінің және басқа адамдардың шешімдерін талқылайтын және бағалайтын, жалпы тұжырымдар мен ұсыныстар жасайтын оқу жұмысын ұйымдастырудың бір түрі. Педагогика пәнінің «білім берудің мақсаттары мен міндеттері», «оқыту әдістері мен тәсілдері», «педагогикалық технологиялар», «білім беру нәтижелерін бағалау» және т.б. тақырыптары бойынша рефлексиялық семинарлар өткізілді. Тақырыптарға сәйкес жағдаяттық, диагностикалық, жобалық, шығармашылық және т.б. педагогикалық тапсырмалар қолданылды. Сонымен қатар, өзін-өзі бақылау, интроспекция, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі түзету және т.б. сияқты рефлексияның әртүрлі әдістері қолданылды.

Пікірталастар. Бұл білім алушылар белгілі бір тақырып немесе мәселе бойынша өзара пікірлерімен, дәлелдерімен, фактілерімен, идеяларымен алмасатын, басқалардың ұстанымдарын тыңдайтын және сыни тұрғыдан бағалайтын, өз ұстанымдары мен қорытындыларын қалыптастыратын оқу жұмысын ұйымдастырудың бір түрі. Зерттеу барысында білім берудің мәні мен құндылығы, педагогтың рөлі мен функциялары, білім берудің сапасы мен қолжетімділігі мәселелері, ақпараттық технологиялардың білім беру үдерісіне әсері және т.б. педагогиканың өзекті мәселелері бойынша пікірталастар өткізілді. Болашақ мамандардың рефлексиялық құзыреттілігін қалыптастыру үшін студенттер мен педагогтар арасындағы және студенттердің өз арасындағы пікірталастар арқылы рефлексиялық диалогты жандандыруға провокациялық, эмоционалды, құндылық және этикалық сипаттағы сұрақтар қолданылды.

Аналитикалық практикум. Бұл білім алушылар бақылау, сұхбат, сауалнама, мазмұнды талдау, кейс-стади және т.б. сияқты әртүрлі зерттеу әдістерін қолдана отырып, нақты педагогикалық құбылыстарды, фактілерді, жағдайларды, құжаттарды, материалдарды зерттейтін және талдайтын оқу жұмысын ұйымдастырудың бір түрі. Зерттеуде педагогикалық коммуникация, педагогикалық конфликт, педагогикалық диагностика, педагогикалық ынтымақтастық және т.б. сияқты педагогиканың әртүрлі тақырыптары бойынша аналитикалық практикумдар өткізілді. Сондай-ақ рефлексиялық есеп, рефлексиялық журнал, рефлексиялық эссе, рефлексиялық портфолио және т.б. сияқты рефлексияның әртүрлі формалары қолданылды. Аналитикалық, интерпретациялық және бағалау сұрақтарын қою арқылы болашақ мамандар рефлексиялық диалогқа тартылды.

Дөңгелек үстелдер. Бұл білім алушылар белгілі бір тақырып немесе мәселе бойынша өздерінің ғылыми жобаларының нәтижелерін ұсынатын және талқылайтын, оқытушы мен аудиториядағылардан кері байланыс алатын, қорытындылар мен ұсыныстарды тұжырымдайтын оқу жұмысын ұйымдастырудың бір түрі. Педагогиканың білім берудегі инновациялар, педагогикалық этика, педагогикалық көшбасшылық, педагогикалық мәдениет және т.б. сияқты тақырыптары бойынша дөңгелек үстелдер өткізілді. Осы дөңгелек үстелді өткізуде болашақ мамандармен рефлексиялық постер, рефлексиялық презентация, рефлексиялық баяндама, рефлексиялық мақала және т.б. сияқты рефлексияның әртүрлі құралдарымен жұмыс жасады [9, 70 б.].

Ал бақылау тобында педагогика пәні бойынша дәріс, практикалық сабақ, өзіндік жұмыс, бақылау жұмыстары дәстүрлі форматта жүргізілді.

Зерттеу жұмысының соңғы кезеңінде рефлексиялық құзыреттіліктің соңғы деңгейін анықтау үшін зерттеуге қатысушыларға қайта тестілеу және сауалнама жүргізілді. Сондай-ақ болашақ мамандарда рефлексиялық құзыреттілікті қалыптастыру үдерісі мен нәтижелері туралы көбірек ақпарат алу үшін зерттеуге қатысушылармен сұхбат жүргізілді. Статистикалық және мазмұнды деректер талданып, эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері салыстырылды. Зерттеу жұмысының нәтижелері келесі бөлімде толығырақ берілген.

Нәтижелер

Бұл бөлімде сандық және сапалы деректерді талдау арқылы алынған зерттеу нәтижелері ұсынылады. Сондай-ақ эксперимент және бақылау топтарының нәтижелері салыстырылып, олардың арасындағы статистикалық маңызды айырмашылықтар анықталды.

Екі топта экспериментке дейін және одан кейін жүргізілген А.В. Карповтың рефлексивтілік сауалнамасы (РС) және В.В. Пономареваның рефлексивтілік деңгейін анықтау әдістемесі (РДАӘ) бойынша зерттеу нәтижелеріне сандық талдау жасалды. 1-кестеде топтар бойынша РС және РДАӘ нәтижелерінің орташа және стандартты ауытқулары берілген.

1-кесте. Топтар бойынша РС және РДАӘ нәтижелерінің орташа мәндері мен стандартты ауытқулары

Топ	РС дейін	РС кейін	РДАӘдейін	РДАӘ кейін
Эксперименттік	8.73 ± 2.15	12.47 ± 2.01	3.21 ± 0.45	4.13 ± 0.38
Бақылау	8.67 ± 2.08	9.13 ± 2.03	3.19 ± 0.43	3.27 ± 0.41

1-кестеде эксперименттік топта эксперименттен кейін РС және РДАӘ нәтижелерінің айтарлықтай өсім байқалды, ал бақылау тобында нәтижелердің өзгеруі шамалы болды. Осы айырмашылықтардың статистикалық маңыздылығын тексеру үшін біз қайталанатын өлшемдермен екі жақты дисперсия талдауын (ANOVA) қолдандық. 2-кестеде РС және РДАӘ үшін ANOVA нәтижелері берілген.

2-кесте. ANOVA бойынша РС және РДАӘ нәтижелері

Вариация көзі	Квадраттардың қосындысы	Еркіндік дәрежелері	Ортаңғы квадрат	F-мәні	p-мәні
РС					
Топ	63.87	1	63.87	15.77	<0.001
Уақыт	216.53	1	216.53	53.42	<0.001
Топ x Уақыт	108.27	1	108.27	26.71	<0.001
Қате	231.33	58	3.99		
РДАӘ					
Топ	36.53	1	36.53	202.76	<0.001
Уақыт	35.87	1	35.87	199.25	<0.001
Топ x Уақыт	34.93	1	34.93	194.13	<0.001
Қате	10.41	58	0.18		

2-кестеде барлық үш фактордың (топ, уақыт және олардың өзара әрекеттесуі) РС және РДАӘ нәтижелеріне статистикалық маңызды әсер ететінін көрсетеді (p < 0,001). Бұл эксперименттік топта РС және РДАӘ нәтижелері бақылау тобына қарағанда айтарлықтай жоғары, сонымен қатар екі топта да РС және РДАӘ нәтижелері экспериментке дейін және одан кейін айтарлықтай ерекшеленеді. Бұл айырмашылықтардың бағытын анықтау үшін біз Bonferroni түзетуімен жұптық салыстыруларды қолдандық. 3-кестеде РС және РДАӘ үшін жұптық салыстыру нәтижелері берілген.

3-кесте. РС және РДАӘ үшін жұптық салыстыру нәтижелері

Салыстыру	Орташа айырмашылық	Стандартты қате	t-мәні	p-мәні
РС				
Эксперименттік топ дейін – кейін	-3.73	0.36	-10.41	<0.001
Бақылау тобы дейін – кейін	-0.47	0.36	-1.30	0.20

Эксперименттік топ дейін – бақылау тобы кейін	0.07	0.51	0.13	0.90
Эксперименттік топ кейін – бақылау тобы кейін	3.33	0.51	6.54	<0.001
РДАӘ				
Эксперименттік топ дейін – кейін	-0.92	0.06	-15.33	<0.001
Бақылау тобы дейін – кейін	-0.08	0.06	-1.33	0.19
Эксперименттік топ дейін – бақылау тобы кейін	0.02	0.08	0.25	0.80
Эксперименттік топ кейін – бақылау тобы кейін	0.87	0.08	10.88	<0.001

3-кестеде эксперименталды топта РС және РДАӘ нәтижелері эксперименттен кейін айтарлықтай өскенін көруге болады ($p < 0,001$), ал бақылау тобында нәтижелердегі статистикалық өзгерістер айтарлықтай емес ($p > 0,05$). Сонымен қатар, эксперименттік топта эксперименттен кейінгі РС және РДАӘ нәтижелері бақылау тобының нәтижелерінен айтарлықтай асып түсті ($p < 0,001$), ал экспериментке дейін топтар арасындағы статистикалық айырмашылықтар айтарлықтай емес ($p > 0,05$) болды. Бұл нәтижелер рефлексиялық оқыту тәсілдері мен әдістері қолданылатын болса, болашақ мамандардың рефлексиялық құзыреттілігін қалыптастыру табысты болады деген ойды растайды.

Талқылау

Бұл бөлімде зерттеудің негізгі нәтижелері талқыланып, басқа зерттеушілердің нәтижелерімен салыстырылды. Жүргізілген зерттеу педагогика пәнін оқыту үдерісінде рефлексиялық оқыту әдістері мен тәсілдерін қолдану болашақ мамандардың рефлексиялық құзыреттілігін қалыптастыруға айтарлықтай ықпал ететінін көрсетті. Бұл эксперименттен кейін эксперимент тобындағы рефлексивтілік сауалнамасы мен рефлексивтілік деңгейін анықтау әдістемесі бойынша зерттеу статистикалық нәтижелерінің айтарлық өсуімен расталады. Ал, бақылау тобында нәтижелердің статистикалық өзгеруі айтарлықтай болмады.

Жүргізілген зерттеу нәтижесі басқа зерттеушілердің алған нәтижелеріне сәйкес келеді, олар да рефлексиялық оқыту әдістері мен тәсілдерінің әртүрлі бағыттар мен мамандықтардағы студенттердің рефлексиялық құзыреттілігін қалыптастыруға оң әсерін атап өтеді. Мысалы, А.В. Карпов математиканы оқыту үдерісінде рефлексиялық тапсырмаларды қолдану оқушылардың рефлексиялық қабілеттерінің деңгейін арттыруға көмектесетінін өз еңбегінде атап өтеді [10]. В.В. Пономарева шет тілін оқыту үдерісінде рефлексиялық стратегияларды қолдану оқушылардың рефлексиялық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететінін дәлелдеді [11, 83 б.]. А.А. Вербицкий және Е.И. Леонтьев рефлексиялық семинар, пікірталас, аналитикалық практикум, дөңгелек үстел сияқты оқытудың рефлексиялық түрлерін пайдалану психология студенттерінің рефлексиялық құзыреттілігін дамытуға ықпал ететінін анықтаған. Осылайша, зерттеу нәтижелері арқылы рефлексиялық оқыту әдістері мен тәсілдері болашақ мамандардың рефлексиялық құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді құралы екендігіне көз жеткіземіз.

Зерттеу нәтижелерінің басқа ғалымдардың зерттеу нәтижелерінен ерекшеленетін мынадай өзіндік айырмашылықтары мен жаңалығы бар: Біріншіден, зерттеу отандық ЖОО педагогика және психология факультеті базасында жүргізілді, бұл еліміздегі білім беру жүйесінің, мәдениет пен менталитет ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік берді. Екіншіден, зерттеу «Педагогика» пәні аясында жүргізіліп, бұл өз кәсіби қызметінде рефлексиялық талдау мен шешуді қажет ететін түрлі педагогикалық проблемалар мен жағдайларға тап болатын болашақ мамандардың рефлексиялық құзыреттілігін қалыптастыруда қолданылатын оқыту әдіс-тәсілдерін анықтауға мүмкіндік берді. Үшіншіден, зерттеу жұмысы педагогиканың мақсаттары, міндеттері, мазмұны мен оқыту әдістеріне бейімделген және өзгертілген рефлексиялық оқыту әдістері мен тәсілдерінің кешенін қолдану арқылы жүргізілді. Төртіншіден, зерттеу рефлексивтілік сауалнамасы, рефлексивтілік деңгейін анықтау әдістемесі, дисперсияның екі факторлы талдауы, жұптық салыстыру, мазмұнды талдау және т.б. сияқты деректерді жинау мен талдаудың заманауи әдістерін қолдану арқылы жүргізілді, бұл зерттеу әдістері сенімді, негізді және репрезентативті деректер алуға мүмкіндік берді.

Алайда, жүргізілген зерттеуде нәтижелерді түсіндіру және жалпылау кезінде ескеру қажет шектеулер де бар екенін де атап өту керек. Біріншіден, зерттеуге қатысушылардың саны шектеулі (60 студент) болды, бұл барлық болашақ мамандарға ортақ түйін жасауға мүмкіндік бермейді. Екіншіден, зерттеу бір пән аясында жүргізілді, бұл басқа пәндер мен білім салаларындағы рефлексиялық құзыреттілікті қалыптастыруға рефлексиялық оқыту әдістері мен тәсілдерінің әсерін толыққанды бағалауға мүмкіндік бермейді.

Қорытынды

Бұл зерттеу жұмысында педагогика және психология факультетінде білім алып жатқан болашақ мамандардың рефлексиялық оқыту әдістері мен тәсілдері негізінде рефлексиялық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған зерттеу нәтижелері ұсынылды. Зерттеудің мақсатын, міндеттерін, әдіснамасын анықтап, ЖОО-ның Педагогика және психология факультетіндегі болашақ мамандардың рефлексиялық құзыреттілігін қалыптастыруда әдістер кешенін пайдаланылды. «Педагогика» пәні аясында рефлексиялық оқыту әдістері мен тәсілдерінің кешенін пайдалана отырып, эксперимент жүргізілді. Эксперимент барысында деректерді жинау мен талдаудың заманауи әдістері пайдаланылып, төмендегідей зерттеу тақырыбы бойынша негізгі түйіндер мен ұсыныстар тұжырымдар жасалды:

- Рефлексиялық құзыреттілік дегеніміз – адамның өз білімін, дағдыларын, құндылықтарын, мотивтерін, мақсаттарын, әрекеттері мен нәтижелерін саналы және сыни тұрғыдан талдау, сондай-ақ рефлексия негізінде өз қызметі мен тұлғасын түзету және дамыту қабілеті.

- Рефлексиялық құзыреттілік болашақ маманның қажетті бәсекеге қабілеттілігінің бір компоненті болып табылады, өйткені ол жылдам өзгеретін заман талабына сай өздінен білім алуға, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге кәсіби және жеке дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді.

- Рефлексивті семинар, пікірталастар, аналитикалық практикум, дөңгелек үстелдер және т.б. сияқты рефлексиялық оқыту әдістері мен тәсілдері пайдалану болашақ мамандардың рефлексиялық құзыреттілігін қалыптастырудың табыстылығын қамтамасыз етеді.

Осылайша, жүргізілген зерттеу болашақ мамандарда рефлексиялық құзыреттілікті қалыптастыру проблемасын тереңірек қарастыруға қосылған теориялық негізделген және іс жүзінде маңызды үлес болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Зерттеуде болашақ мамандардың рефлексиялық құзыреттілігін қалыптастыруда рефлексиялық оқыту әдістері мен тәсілдері тиімді құрал болып табылатынына көз жеткіздік. Жүргізілген зерттеу педагог-психологтар, студенттер және білім берудегі рефлексиялық құзыреттілік мәселесіне қызығушылық танытатын зерттеушілер үшін пайдалы болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Белегова Ә.А.** Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру [Мәтін]: филос. док. дисс. автореф. / Ә.А. Белегова. – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ – 2021. – 29 б.

2. **Ардабаева Б.К., Утегенова Б.М.** Рефлексия – мұғалімнің оқыту және оқу тәжірибесін жетілдіру құралы ретінде. Мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқау [Мәтін]: Б.К. Ардабаева, Б.М. Утегенова. – Қостанай, 2015. – 35 б.

3. **Marjaneh Meschi, Samane Shirahmadi, Mahrokh Amiri and Nikki Ebrahimi-Siaghi.** Debating: effective and satisfactory learning method in dentistry Meschi et al. BMC Medical Education (2024) 24:307 [Electronic resource] URL: <https://doi.org/10.1186/s12909-024-05286-5> (жүгінген уақыты – 10.08.2023).

4. **Jiuxiang Li and Rufeng Wang.** Determining the role of innovative teaching practices, sustainable learning, and the adoption of e-learning tools in leveraging academic motivation for students' mental well-being. BMC Psychology (2024) 12:163 [Electronic resource] URL: <https://doi.org/10.1186/s40359-024-01639-3> (жүгінген уақыты – 10.08.2023).

5. **Moslehi S, Tolueipourlenjuani T, Masoumi G, Deghani A, Barghi Shirazi F.** The Role of New Information Technology in the Epidemic of COVID-19: A Systematic Review. Health in Emergencies and Disasters Quarterly 2024; 9 (2) :87-98 [Electronic resource] URL: <http://hdq.uswr.ac.ir/article-1-495-en.html> (жүгінген уақыты – 10.08.2023).

6. **Иванов В.К.** Студенттердің оқу-танымдық құзыреттілігінің құрылымдық компоненті ретінде шет тілін меңгерудегі рефлексивті құзыреттілік /В.К. Иванова// Қазіргі заманғы ғылым мен білім альманахы, Тамбов: Грамота, 2010. № 11 (42): 2 Б. I Б. 70-71 б [Электрондық ресурс] //URL: www.gramota.net/materials/1/2010/11-1/23.html (жүгінген уақыты: 202310.08.).

7. **Светоносова Л.Г.** Жоғары оқу орнының студент-бакалаврларының рефлексиялық құзыреттілігін қалыптастыру құралы ретінде педагогика бойынша рефлексиялық тапсырмалар//Шадринск мемлекеттік педагогикалық университетінің жаршысы, 2018, № 3, 67-73 б. [Электрондық ресурс] //URL:<http://vestnik.shgpi.edu.ru/journal/issue/view/6/%D0%92%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%BD%D0%B8%D0%BA%203%202018> (жүгінген уақыты: 10.08.2023).

8. **Умняшова И.Б.** Психологиялық-педагогикалық мамандықтар студенттерінің өзін-өзі айқын-дауын дамыту ресурсы ретінде рефлексиялық қабілеттерін дамыту шарттары/И.Б.Умняшова//Білім берудің практикалық психологиясының жаршысы. 2020. 17 том. №4. 120-129 б. [Электрондық ресурс] // URL: https://psyjournals.ru/journals/bpre/archive/2020_n4/Umnyasheva (жүгінген уақыты: 10.08. 2023).

9. **Романова М.В., Ледовских И.А.** ЖОО жағдайында болашақ психологтардың кәсіптік рефлексиясын дамыту әдістері /М.В. Романова, И.А. Ледовских// Қоғам: әлеуметтану, психология, педагогика. 2017. № 12. 68-71 б. [Электрондық ресурс] // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/metody-razvitiya-professionalnoy-refleksii-u-buduschih-psihologov-v-usloviyah-vuza> (жүгінген уақыты: 10.08.2023).

10. **Федосеева Т.Е., Иванова И.А., Куликова Т.А.** Оқушылардың рефлексиялық қабілеттерін олардың өзін-өзі анықтау факторы ретінде дамыту /Т.Е. Федосеева, И.А. Иванова, Т.А. Куликова/ Қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер мен инновациялар. 2016. № 12. 187 б. [Электрондық ресурс] // URL: <http://web.snauka.ru/issues/2016/12/76357> (жүгінген уақыты: 10.08.2023).

11. **Манахова Н.М.** Болашақ мұғалімнің педагогиканы оқу процесінде педагогикалық рефлексияға қабілеттілігін қалыптастыру/Н.М. Манахова//Поволжский педагогикалық жаршысы. 2018. 6 том, № 3 (20) 72 б. [Электрондық ресурс] // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-sposobnosti-buduschego-uchitelya-k-pedagogicheskoy-refleksii-v-protssesse-izucheniya-pedagogiki-v-vuze> (жүгінген уақыты: 10.08.2023).

REFERENCES:

1. **Belegova A.A.** Bolashak dene shynykytyru mygalimderinin reflektivtik madenietin kalyptastyru [Formation of a reflective culture of future physical education teachers]. Abstract of PhD thesis, Almaty, KazNPU, 2021, 29 p. (In Kazakh).

2. **Ardabaeva B.K., Utegenova B.M.** Refleksiya – mygalimnin okytu zhane oku tazhiribesin zhetildiru qyraly retinde [Reflection as a means of improving an educator's teaching and learning experience]. Kostanay, 2015, 35 p. (In Kazakh).

3. **Marjaneh Meschi, Samane Shirahmadi, Mahrokh Amiri and Nikki Ebrahimi-Siaghi.** Debating: effective and satisfactory learning method in dentistry Meschi et al. *BMC Medical Education*, 2024, 24:307, available at: <https://doi.org/10.1186/s12909-024-05286-5> (accessed 10 August 2023).

4. **Jiuxiang Li and Rufeng Wang.** Determining the role of innovative teaching practices, sustainable learning, and the adoption of e-learning tools in leveraging academic motivation for students' mental well-being. *BMC Psychology*, 2024, 12:163, available at: <https://doi.org/10.1186/s40359-024-01639-3> (accessed 10 August 2023).

5. **Moslehi S, Tolueipourlenjuani T, Masoumi G, Dehghani A, Barghi Shirazi F.** The Role of New Information Technology in the Epidemic of COVID-19: A Systematic Review. *Health in Emergencies and Disasters Quarterly*, 2024, 9 (2), pp.87-98, available at: <http://hdq.uswr.ac.ir/article-1-495-en.html> (accessed 10 August 2023).

6. **Ivanov V.K.** Refleksivnaya kompetenciya v ovladenii inostranny'm yazy'kom kak strukturnyj komponent uchebno-poznavatel'noj kompetentnosti studentov [Reflective competence in mastering a foreign language as a structural component of educational and cognitive competence of students]. *A/manah sovremennoj nauki i obrazovaniya*, Tambov, Gramota, 2010, no.11(42), vol. 1, pp. 70-71, available at: www.gramota.net/materials/1/2010/11-1/23.html (accessed 10 August 2023) (In Russian).

7. **Svetonosova L.G.** Refleksivny'e zadaniya po pedagogike kak sredstvo formirovaniya reflektivnoj kompetencii studentov-bakalavrov vuza [Reflective tasks in pedagogy as a means of developing reflective competence of university bachelor students]. *Vestnik Shadrinskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta*, 2018, no.3, pp. 67-73, available at: <http://vestnik.shgpi.edu.ru/journal/issue/view/6/%D0%92%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%BD%D0%B8%D0%BA%203%202018> (accessed 10 April 2024) (In Russian).

8. **Umnyashova I.B.** Usloviya razvitiya reflektivny'h sposobnostej kak resurs razvitiya samoopredeleniya studentov psihologo-pedagogicheskikh special'nostej [Conditions for the development of reflexive abilities as a resource for the development of self-determination of students of psychological and pedagogical majors]. *Vestnik prakticheskoy psihologii obrazovaniya*, 2020, vol.17, no.4, pp. 120-129, available at: https://psyjournals.ru/journals/bppe/archive/2020_n4/Umnyasheva (accessed 10 April 2024) (In Russian).

9. **Romanova M.V., Ledovskih I.A.** Metody' razvitiya professional'noj refleksii u budushchih psihologov v usloviyah vuza [Methods for developing professional reflection among future psychologists in a university setting]. *Obshchestvo: sociologiya, psihologiya, pedagogika*, 2017, no.12, pp. 68-71, available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/metody-razvitiya-professionalnoy-refleksii-u-buduschih-psihologov-v-usloviyah-vuza> (accessed 10 April 2024) (In Russian).

10. **Fedoseeva T.E., Ivanova I.A., Kulikova T.A.** Razvitie reflektivny'h sposobnostej uchaschihsya kak faktora ih samoopredeleniya [Development of students' reflective abilities as a factor in their identity formation]. *Sovremennyy'e nauchny'e issledovaniya i innovacii*, 2016, no.12, 187 p., available at: <http://web.snauka.ru/issues/2016/12/76357> (accessed 10 April 2024) (In Russian).

11. **Manahova N.M.** Formirovanie sposobnosti buduschego uchitelya k pedagogicheskoy refleksii v processe izucheniya pedagogiki v vuze [Formation of the future teacher's ability for pedagogical reflection in the process of studying pedagogy at university]. *Povolzhskij pedagogicheskij vestnik*, 2018, vol. 6, no.3(20), 72 p., available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-sposobnosti-buduschego-uchitelya-k-pedagogicheskoy-refleksii-v-protssesse-izucheniya-pedagogiki-v-vuze> (accessed 10 April 2024) (In Russian).

Авторлар туралы мәліметтер:

Баш Өзлем – PhD доктор, профессор, Бастауыш білім кафедрасының профессоры, Хаджете-пе университеті, Түркия, 068006, Анкара қ. Бейтепе, 39, тел.: +905309416491, e-mail: ozlembas@hacettepe.edu.tr.

Куралбаева Алия Ахметкаримовна – PhD доктор, қауымдастырылған профессор, Педагогика және психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, 161200, Түркістан қ. Есил к., 19, тел.: 87772257365; e-mail: aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz.

Шамитдинов Азиз Мираминұлы – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, 8D01101 – «Педагогика және психология» ББ докторанты, Қазақстан, 161200, Түркістан, Сырдария ТК, 18/18, тел.: 87473450201, e-mail: 4pwwspace@gmail.com.*

Абдиркенова Акбидаш Капановна – PhD докторы, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ, педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а., Қазақстан, Қостанай қ. 110000, Н.Назарбаева 225, тел.: 87052269479; e-mail: Akbidashabdirkebova@mail.ru.

Баш Озлем – PhD доктор, профессор кафедрасы Начального образования, Университет Хаджетепе, Турция, 068006, г. Анкара, Бейтепе, 39, тел.: +905309416491, e-mail: ozlembas@hacettepe.edu.tr.

Куралбаева Алия Ахметкаримовна – PhD, ассоциированный профессор кафедрасы педагогика и психологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясауи, Республика Казахстан, 161200, г. Туркестан, ул. Есил, 19, тел.: 87772257365, e-mail: aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz.

Шамитдинов Азиз Мираминұлы – докторант, 8D01101 – ОП «Педагогика и психология», Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясауи, Республика Казахстан, 161200, Туркестан, ЖК Сырдарья, 18/18, тел.: 87473450201, e-mail: 4pwwspace@gmail.com.*

Абдиркенова Акбидаш Капановна – PhD доктор, и.о. ассоциированного профессора кафедрасы педагогика, психологии и специального образования, НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмета Байтұрсынұлы», Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, Н.Назарбаева 225, тел.: 87052269479; e-mail: Akbidashabdirkebova@mail.ru.

Baş Özlem – PhD, Professor of the Department of Primary Education, Hacettepe University, Turkey, 068006 Ankara, 39 Beitepe, tel.: +905309416491, e-mail: ozlembas@hacettepe.edu.tr.

Kuralbayeva Aliya Akhmetkarimovna – PhD, Associate Professor of the Department of pedagogy and psychology, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Republic of Kazakhstan, 161200 Turkestan, 19 Yesil Str., tel.: 87772257365; e-mail: aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz.

Shamitdinov Aziz Miraminuly – PhD student, 8D01101 – "Pedagogy and psychology" educational program, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish university, Republic of Kazakhstan, 161200, Turkestan, Syrdarya housing complex, 18/18, tel.: 87473450201, e-mail: 4pwwspace@gmail.com.*

Abdirkenova Akbidash – PhD, acting Associate Professor of the Department of pedagogy, psychology and special education, «Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University» NLC, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 225 N.Nazarbayev Str., tel.: 87052269479; e-mail: Akbidashabdirkebova@mail.ru.

FTAMP 14.85.35

ӨОЖ 37.0:004

https://doi.org/10.52269/22266070_2024_2_100

**КОЛЛАБОРАТИВТІ ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЦИФРЛЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ: <https://edu-collaboration.kz/>
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ПОРТАЛЫ**

Бузаубакова К.Д. – педагогика ғылымдарының докторы, доцент, «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы.

Елубаева М.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Педагогика» кафедрасының доцент м.а., М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы.

Кудабаетова П.А. – PhD доктор, «Шетел тілдері» кафедрасының меңгерушісі, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы.

Калимжанова Р.Л. – PhD доктор, қауымдастырылған профессор м.а, «Педагогика, психология және арнайы білім беру» кафедрасының меңгерушісі, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ, Қазақстан Республикасы.*

Мақалада цифрлы аймақтар жан-жақты ашылып, коллаборативті цифрлы білім беру ортасында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың мәні ашылады.

Үшінші мыңжылдықта шапшаң жүріп жатқан цифрландыру үдерісі жағдайында Жаңа Қазақстанда білім сапасын арттыру үшін педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі алға шығуда. Білім беруді цифрландырудағы басты мақсат – ғаламдық бәсекелестікті арттыру, адамзаттың өмір сүру сапасын көтеру, оқыту сапасын жақсарту, білім алушылардың оқу жүктемесін азайту, цифрлық білім беру контентін жасақтау. Ғылыми әдебиеттерге шолу білім беру саласындағы коллаборация ұғымына қатысты зерттеушілер арасында консенсустың жоқтығы мәселесін анықтауға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, мақалада коллаборативті цифрлы білім беру ортасында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың темігі ретінде <https://edu-collaboration.kz/> педагогикалық білім беру порталының мақсат-міндеттері, мазмұны ашылады және жұмыс жасау әдістемесі беріледі.

Педагогикалық білім беру порталының мақсаты – болашақ педагогтердің өзінің кәсіби қызметіне жүйелі көзқарасын қалыптастыру; болашақ педагогтердің өздігінен білім алуына дайындығын жетілдіру; болашақ педагогтің цифрлық технологияларды оқу-тәрбие процесіне тиімді қолдана алуы; болашақ педагогтердің танымдық белсенділіктерін және ақпараттық, шығармашылық құзыреттіліктерін дамыту; болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Коллаборативті цифрлық білім беру ортасында қатысушылардың рөлдері ауысады: педагог оқытудың түсіндірме-баяндау әдісінен іс-әрекетке ауысады; педагог оқу іс-әрекетін ұйымдастырушы және үйлестіруші болады; ал әрбір білім алушы оқу іс-әрекетінің белсенді мүшесіне айналады.

Түйінді сөздер: цифрлы білім беру ортасы; цифрлы платформа; коллаборация; цифрлы құзыреттілік; педагогикалық білім беру порталы.

МЕТОДИКА ФОРМИРОВАНИЯ ЦИФРОВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ В КОЛЛАБОРАТИВНОЙ ЦИФРОВОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ: ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПОРТАЛ <https://edu-collaboration.kz/>

Бузаубакова К.Д. – доктор педагогических наук, доцент, заведующая кафедрой «Педагогика», Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Республика Казахстан.

Елубаева М.С. – кандидат педагогических наук, и.о. доцента кафедры «Педагогика», Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Республика Казахстан.

Кудабаетова П.А. – доктор PhD, заведующая кафедрой «Мировые языки», Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Республика Казахстан.

Калимжанова Р.Л.* – доктор PhD, и.о. ассоциированного профессора, заведующая кафедрой «Педагогика, психология и специальное образование», НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы», Республика Казахстан.

В статье подробно раскрываются цифровые зоны и сущность формирования цифровой компетентности будущих педагогов в коллаборативной цифровой образовательной среде.

В условиях ускоряющегося в третьем тысячелетии процесса цифровизации в новом Казахстане встает вопрос формирования цифровых компетенций педагогов для повышения качества образования. Главная цель цифровизации образования – повышение глобальной конкуренции, повышение качества жизни человечества, улучшение качества обучения, снижение учебной нагрузки обучающихся, создание цифрового образовательного контента. Обзор научной литературы позволил выявить проблему отсутствия консенсуса среди исследователей относительно понятия коллаборации в образовании.

Также в статье рассматривается коллаборативное цифровое образование как механизм формирования цифровых компетенций будущих педагогов в образовательной среде, раскрываются цели и задачи, содержание и дается методика работы педагогического образовательного портала <https://edu-collaboration.kz/>.

Цель педагогического образовательного портала – формирование системного подхода будущих педагогов к своей профессиональной деятельности; совершенствование подготовки будущих педагогов к самообразованию; эффективное применение цифровых технологий будущего педагога в учебно-воспитательном процессе; развитие познавательной активности и информационных, творческих компетенций будущих педагогов; формирование цифрово-креативных компетенций будущих педагогов.

В коллаборативной цифровой образовательной среде меняются роли участников: педагог переходит от объяснительно-повествовательного метода обучения к действию; педагог становится организатором и координатором учебной деятельности; а каждый обучающийся становится активным участником учебной деятельности.

Ключевые слова: цифровая образовательная среда; цифровая платформа; коллаборация; цифровая компетентность; педагогический образовательный портал.

**METHODOLOGY OF FUTURE TEACHERS' DIGITAL COMPETENCIES FORMATION
IN A COLLABORATIVE DIGITAL EDUCATIONAL ENVIRONMENT:
PEDAGOGICAL EDUCATIONAL PORTAL <https://edu-collaboration.kz/>**

Buzaubakova K.D. – Doctor of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Head of the Department of pedagogy, M.Kh. Dulaty Taraz Regional University, Republic of Kazakhstan.

Yelubayeva M.S. – Candidate of Pedagogical Sciences, acting Associate Professor of the Department of pedagogy, M.Kh. Dulaty Taraz Regional University, Republic of Kazakhstan.

Kudabayeva P.A. – PhD, Head of the Department of world languages, M.Kh. Dulaty Taraz Regional University, Republic of Kazakhstan.

Kalimzhanova R.L. – PhD, acting Associate Professor, Head of the Department of pedagogy, psychology and special education, «Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University» NLC, Republic of Kazakhstan.*

The article details the digital zones, the essence of the formation of digital competence of future teachers in a collaborative digital educational environment. In the context of the rapidly accelerating digitalization process in the third millennium, the New Kazakhstan faces the challenge of developing digital competencies among educators to enhance the quality of education.

The main goal of educational digitalization is to increase global competition, improve the quality of human life, improve the education quality, reduce the educational load of students, and create digital educational content. A review of the scientific literature revealed the problem of the lack of consensus among researchers on the concept of collaboration in education.

The article also examines collaborative digital education as a mechanism for the formation of digital competencies of future teachers in the educational environment, reveals the goals and objectives, the content and the methodology of the pedagogical educational portal <https://edu-collaboration.kz/>.

The purpose of the pedagogical educational portal is to form a systematic approach of future teachers to their professional activities; improve the preparation of future teachers for self-education; effective use of digital technologies for future teachers in the educational process; development of cognitive activity and information, creative competencies of future teachers.

In a collaborative digital educational environment, the roles of participants are changing: the teacher moves from an explanatory and narrative method of teaching to action; the teacher becomes the organizer and coordinator of educational activities; and each student becomes an active participant in educational activities.

Key words: digital educational environment; digital platform; collaboration; digital competence; pedagogical educational portal.

Кіріспе. XXI ғасырдың басында цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы адамзат дамуының жаһандық трендіне айналды. Жаңа мыңжылдықта қоғамда тез қарқынмен жүріп жатқан ақпараттандыру процесі цифрлық технологиялардың қолдану аясын арттырды. Ал бұл үрдіс Цифрлы Қазақстан жағдайында педагогтердің цифрлы құзыреттілігіне қоятын талаптарды күшейтті.

Цифрлық құзыреттілік болашақ педагогтің заманауи ақпараттық-коммуникациялық құралдарды меңгерудің жеткілікті жоғары деңгейімен айқындалады және болашақ педагогтің сындарлы ойлау, сыни көзқарасын дамытуымен анықталады.

Цифрлы ортада нәтижелі жұмыс жасау үшін-ақпараттарды іздеу, іріктеу, сұрыптау, өңдеу үшін заманауи педагог көп ізденеді, өз білімін, кәсіби біліктілігін арттырады, өзін-өзі дамытады, нәтижесінде кәсіби біліктілігі артады.

Зерттеудің мақсаты. Болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін жасап сипаттау.

Зерттеу міндеттері:

1) «коллаборация» ұғымының мәнін ашу;

2) педагогикалық білім беру порталының құрылымын, мазмұнын, артықшылықтарын айқындау;

3) педагогикалық білім беру порталы, болашақ педагогтермен арнайы ұйымдастырылған «Ең тиімді цифрлы білім беру платформасы» Халықаралық онлайн-байқауы және «Цифрлы оқыту технологиялары» онлайн курсының мысалы негізінде коллаборативті цифрлы білім беру ортасында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемесін жасау.

Материалдар және зерттеу әдістері. Қазақстан Республикасында педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында жоғары оқу орындарының коллаборативті цифрлы білім беру ортасын құру бойынша жүргізілетін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды тиімді жүзеге асыру үшін ғылыми зерттеулердің жалпы теориялық, эмпирикалық және статистикалық әдіс-тәсілдері пайдаланылды:

абстракциялау, модельдеу, хронометраждық бақылау, педагогикалық жағдаяттарды талдау және синтездеу, әңгімелесу және сұхбаттасу, педагогикалық құжаттарды талдау және іс-әрекет нәтижесін бағалау, педагогикалық тәжірибиені жалпылау, саулнама, тест, онлайн-тест, педагогикалық эксперимент, индукция, дедукция, педагогикалық талдау және т.б. әдістер.

Жүргізілген эксперименттік-тәжірибелік жұмыстардың нәтижесінде алынған мәліметтерді сұрыптап өңдеу үшін зерттеудің статистикалық әдістері пайдаланылады: деректерді іріктеу және жинау, сапалық ранжирлеу, корреляциялық әдіс, математикалық-статистикалық әдістер, бағалау, диагностикалау және сапалық жүйелеу, топтастыру, синтездеу, бағалау, мониторинг жасау, және т.б.

Зертеу жұмысында пайдаланған әдістердің артықшылығы – ҚР-да педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында жоғары оқу орындарының коллаборативті цифрлы білім беру ортасын құруда қойылған мақсатқа жету үшін отандық педагогиканың қол жеткен жетістіктері дербес қазақстандық ЖОО-ның салыстырмалы тұрғыда өзге қазақстандық ЖОО-мен талданатындығы және қазақстандық ЖОО бәсекеге қабілеттіліктерін арттыруға себеп болатын ішкі және сыртқы факторларды анықтауға мүмкіндіктің болатындығы.

Зертеу жұмысында Қазақстан Республикасында педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында жоғары оқу орындарының коллаборативті цифрлы білім беру ортасын қалыптастыру үшін қазақстандық ЖОО бірлесіп онлайн және офлайн семинарлар, конференциялар мен форумдар, мектептерде әдістемелік семинарлар, вебинарлар, коучинг сессиялары, сондай-ақ жаппай ашық онлайн режимінде курстарнетворкинг ұйымдастырылды; консорциумға біріккен ЖОО ғалымдарының авторлық бірлестікте дайындаған ғылыми еңбектердің онлайн-тұсаукесері жасалынды, педагогикалық консилиуметкізілді, пәннің цифрлы оқу контенттерін дайындау бойынша әрбір ЖОО-ның қосқан үлес-салмағы анықталды, сапасы бағаланды.

Ашық цифрлы білім беру ортасы цифрлық кеңістікте бәсекеге түсу, ынтымақтасу, өзара оқыту, объективті баға беру және білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып қажетті түзетулер енгізу қабілеттерін қалыптастырады.

Цифрлы білім беру ортасы – білім беру жүйесін модернизациялаудың заманауи тенденцияларын ескере отырып, ақпараттық және коммуникациялық қызметтерді, оқу процесінің объектілеріне цифрлық құралдарды тиімді және ыңғайлы ұсынудың басқарылатын және қарқынды дамып келе жатқан цифрлы білім беру жүйесі [1].

Цифрлы білім беру ортасы электронды оқыту технологияларын, аралас оқыту модельдерін педагогикалық практикаға енгізуге, білім беру сапасын басқару процестерін автоматтандыруға, білім алушылардың цифрлық әлемде оқыту дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Білім беруді цифрландырудағы басты мақсат – цифрлық білім беру контентін жасақтау. Цифрлық білім беру контенті – интерактивті формадағы оқытуды қамтамасыз ететін оқыту пәндерінің электронды оқу-әдістемелік кешені: сандық дидактикалық материалдар, фотолар, дыбыс және бейне-фрагменттер, модельдеу объектілері және т.б.

Білім беру ұйымының цифрлық ортасын қалыптастыру және пайдалану мақсаттары педагогтің, білім алушылардың мүдделерін көрсетеді және төмендегілерді көздейді:

1) Білім алушы үшін: өз білім беру траекториясын құру мүмкіндіктерін кеңейту; ең жаңа білім беру ресурстарына қол жеткізу; білім беру ұйымдарының шеңберін кеңейту; білім беру процесінің ашықтығын арттыру;


2) Педагог үшін: автоматтандыру есебінен бюрократиялық жүктемені азайту; білім беру процесін бақылаудың ыңғайлылығын арттыру; білім беру процесінің мониторингінің ыңғайлылығын арттыру; тапсырмаларды құру және орындау кезінде оқушыларды ынталандырудың жаңа жағдайларын қалыптастыру, білім алушының жеке білім беру траекториясын дамыту үшін жағдай жасау.

Ғалымдар Л.В. Бендова, Б.П. Дьяконова, Б.М. Игошева, О.Л. Петренко, Е.С. Полат және т.б. өз зерттеулерінде педагогтің цифрлы құзыреттілігі қалыптасқанда модератор, тьютор, фасилитатор, коуч секілді рөлдерді оп-оңай атқара алады [2].

Педагогпен білім алушылардың бірлескен іс-әрекеттің нәтижесі оқыту технологиясын таңдау көптеген факторларға байланысты болады: таңдау еркіндігі; теңдік; ашықтық; диалог жүргізе алу; рефлексия жасай алуы.

Ғылыми әдебиеттерге шолу жасағанда түйгеніміз – бірқатар зерттеушілер коллаборацияны «бірлескен қызмет», «бірге орындалатын іс-әрекет», «өзара әрекетті ұйымдастырудың топтық формасы», «білім берудегі ынтымақтастық» ұғымдарын біріктіру үшін «ынтымақтасу» терминімен қатар қолданады [3, 103 б.].

1-суретте «коллаборация» ұғымының мәні педагогикалық ынтымақтастық ретінде сапалық көрсеткіштерімен анықталды.



1-сурет. – «Коллаборация» ұғымының сипаттамасы

Сондай-ақ, ғалымдар коллаборативтік білім берудің өзара әрекеттесу процесіне негізделген білім беру технологияларын пайдаланады: мысалы, жобалық технология, кейс технологиясы, ұжымдық оқыту және т.б.

Г.П. Синицынаның зерттеуіне сүйенсек, коллаборация ұжымдық оқытудың білім беру стратегиясының құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады [4, 79 б.].

Ал, ғалым Н.В. Павельева: «Коллаборативтік оқыту–тереңірек түсіну: білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара тығыз қарым-қатынасына негізделген педагогикалық тәсіл» –деп қарастырады [5, 33 б.].

Білім беру ортасындағы ынтымақтастықты одан да кеңірек А.В. Куликов «коллорація–білім беру философиясы, бірлескен іс-әрекеттің, оқу және кәсіби-академиялық өзара әрекеттестіктің бастапқы тұжырымдамасы» екенін атап өтеді [6, 105 б.].

Шетелдік авторлардың еңбектерінде де білім саласындағы коллаборацияның жан-жақты және қатаң ғылыми анықтамаларының жоқтығын атап өтеміз. Мысалы, М. Laal и S.M. Ghodsi коллаборацияны білім алушылардың өз іс-әрекеттеріне жауапкершілік алатын және құрбыларының қабілеттері мен үлестерін құрметтейтін оқудағы өзара әрекеттесу философиясы ретінде анықтайды [7, 487 б.].

Шетел әдебиеттерін талдау 1980 жылдардың соңынан бастап педагогикалық зерттеулерде коллаборациялық оқытудың ерекшеліктері кеңінен қамтылғанын көрсетті.

Ең алдымен, Д. Джонсон атап өткендей, білім беру саласындағы коллаборация оқытудың конструктивістік теорияға негізделеді:

а) білімді оқушылардың өздері құрастырады және түрлендіреді; мұғалімдердің міндеті – оқытудың белсенді әдістерін басымдықпен қолдану және топтық тәрбиелік өзара әрекетті ұйымдастыру арқылы тиісті педагогикалық жағдайлар жасау;

б) оқу-тәрбие процесі мұғалімнің оқушыға әсері емес, барлық қатысушылардың субъект-субъект және субъект-объект белсенді мақсатты өзара әрекеті [8, 511 б.].

Зерттеу нәтижелері.

Жаңа Қазақстан жағдайында жайлы мектепті құру үшін онда жанға жайлы ахуал туғызатын ерекше көңіл-күй сыйлауымыз керек. Ал ол үшін болашақ педагогтерді цифрлы технологиялармен қаруландырып, цифрлы құзыреттіліктерін арттыруымыз маңызды. Зерттеу нәтижелері білім беру саласындағы оқу коллаборациясының сипаттау негізінен теориялық сипатта болатынын көрсетті.

Соған қарамастан, зерттеу нәтижесінде педагогикалық ынтымақтастық нысаны ретіндегі коллаборациясының келесі ерекше белгілері анықталды.

1. Педагогикалық өзара әрекеттестіктің ынтымақтастық нысаны білім беру үдерісі субъектілерінің өзара әрекеті мен қарым-қатынасының желілік сипатын болжайды.

2. Тәрбиелік өзара әрекеттестік өнімі, білім беру мақсаттарынан айырмашылығы, алдын ала анық болжауға болмайды.

3. Ынтымақтастық өзара іс-қимылды жүзеге асыру арнайы ұйымдастырылған білім беру ортасында мүмкін, бірақ бірлескен қызметтің құрылымдары мен ережелерін қатаң реттеуді білдірмейді.

4. Ынтымақтастық, ең алдымен, оны шешу барысында білім алушының ресурстарын бөлуге емес, жалпы тапсырмамен жұмыс істеу кезінде жекелеген білім алушының мүмкіндіктері мен қабілеттерінің синергетикасына негізделеді.

5. Педагог ынтымақтастық жағдайында фасилитатор және сырттан бақылаушы қызметін атқарады.

Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында «Ең тиімді цифрлы білім беру платформасы» атты Халықаралық онлайн-байқауы өткізілді: <https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/6696-ylymi-zhobayaasynda-khaly-araly-onlajn-baj-au-jymdastyryldy.html> .

«Ең тиімді цифрлы білім беру платформасы» атты Халықаралық онлайн байқауына М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті және Ресей Федерациясының Шадринск мемлекеттік педагогикалық университетінің болашақ педагогтері қатысты.

Халықаралық онлайн байқаудың мақсаты – цифрлық-коллаборациялық кеңістікте креативті педагогтердің инновациялық іс-тәжірибесін үйрену, зерттеу, тарату, насихаттау және жинақтау; педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін және шығармашылық әуелетін жетілдіру.

Халықаралық онлайн байқау болашақ педагогтердің шығармашылық және кәсіби әлеуетін жандандыру; болашақ педагогтерді қазіргі заманғы цифрлы білім беру платформаларымен таныстыру және оқу-тәрбие процесіне тиімді ендіру жолдарын меңгерту; болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін арттыру; болашақ педагогтердің кәсіби шеберлігін дамыту; цифрлық білім беру ортасында болашақ педагогтердің әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру сынды міндеттерді шеше алды.

«Ең тиімді цифрлы білім беру платформасы» атты Халықаралық онлайн-байқауына қатысқан болашақ педагогтер «Educaplay» платформасы, «ROQED» платформасы, «Genially» платформасы, «Flippity» платформасы, «Learningapps.org» платформасы, «Classroom Screen» платформасы, «Classroom платформасы», «Worldwall» платформасы, «Canva» платформасы, «Learningapps» платформасы және т.б. платформалардың артықшылықтарын аша алды.

«Ең тиімді цифрлы білім беру платформасы» атты Халықаралық онлайн-байқауына қатысқан қазақстандық төрт ЖОО-ы болашақ педагогтерінің цифрлы платформаларды меңгеру көрсеткіштері 1-кесте және 2-суретте ашылды.


Кесте-1. – Болашақ педагогтердің цифрлы платформаларды меңгеру көрсеткіштері

№	Цифрлы платформа атауы	Дулати университеті, 26 студент	Жетісу университеті, 25 студент	Көкшетау университеті, 26 студент	Арқалық педагогикалық институты, 25 студент
1	Wordwall	6(23,1%)	7(28%)	3(11,5%)	5(20%)
2	Educaplay	2(7,7%)	3(12%)	1 (3,8%)	2(8%)
3	Classroom Screen	1(3,8%)	2(8%)	-	1(4%)
4	Learningapps.org	2(7,7%)	3(12%)	2(7,7%)	2(8%)
5	ROQED	1(3,8%)	-	-	-
6	Genially	2(7,7%)	2(8%)	1 (3,8%)	1(4%)
7	Interacty	1 (3,8%)	-	-	1(4%)
8	Жасанды интеллект	1(3,8%)	2(8%)	1(3,8%)	1(4%)
9	Spinhewhell	1(3,8%)	-	2(7,7%)	-
10	Magigschool	1(3,8%)	-	2(7,7%)	-
11	Classroom	2(7,7%)	2(8%)	2(7,7%)	3(12%)

12	Zoom	1(3,8%)	2(8%)	3(11,5%)	1(4%)
13	Classroomscreen	2(7,7%)	-	-	2(8%)
14	Flippity	2(7,7%)	2(8%)	2(7,7%)	2(8%)
15	Clideo	2(7,7%)	-	-	-
16	PowerPoint	1(3,8%)	-	7(26,92%)	4(16%)

Халықаралық онлайн-байқауына қатысқан болашақ педагогтердің Wordwall платформасын еркін меңгергендіктерін байқадық. Мәселен, Талдықорған университетінен байқауға қатысқан 25 болашақ педагогтің 7-і , яғни 28%-ы; Көкшетау университеті байқауға қатысқан 25 болашақ педагогтің 3-і , яғни 11,5%-ы; Дулати университетінен байқауға қатысқан 26 болашақ педагогтің 3-і , яғни 23,1%-ы Wordwall платформасымен жұмыс жасай алады.

Халықаралық онлайн-байқауына қатысқан болашақ педагогтердің ROQED, Clideo, Classroomscreen, Spinhewhell, Magigschoo платформаларын аз меңгергендіктерін байқадық. Мәселен, ROQED платформасымен Дулати университетінен 1 болашақ педагог және Ресей Федерациясының Шадринск мемлекеттік педагогикалық университетінен 1 болашақ педагог жұмыс жасай алатындығын көрсетті.



2-сурет. – Болашақ педагогтердің цифрлы платформаларды меңгеру көрсеткіштер

Байқауға қатысқан болашақ педагогтердің үздік деп танылған жұмыстары ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде арнайы ашылған <https://edu-collaboration.kz/> педагогикалық білім беру порталының «Педагогикалық технология» блогына жүктелді: <https://edu-collaboration.kz/ru/b-gytt-r/ped-g-gi-lyk-tekhn-i-giya/68-khaly-araly-onlajn-konkurs-video>.

Кез келген болашақ педагог порталға жүктелген видеоконтенттерді көру арқылы өз білімдерін жетілдіріп, цифрлы құзыреттілігін қалыптастыра алады.

Педагогикалық білім беру порталының «Әдістеме» блогында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында арнайы ұйымдастырылған «Цифрлы оқыту технологиялары» онлайн курсының ережесі және жоспарланған әрбір тақырыптың ресурстары берілді: теориялық материал; тақырыптың презентациясы; курсқа қатысқан болашақ педагогтердің цифрлы технология және цифрлы платформалар бойынша меңгерген жаңа білімдерін бағалауға, тексеруге арналған тест сұрақтары берілді: <https://edu-collaboration.kz/kk/b-gytt-r/adisteme>.


Онлайн курсқа қатысқан болашақ педагогтердің курсқа дейін білетін және курс барысында меңгерген цифрлы технологиялар және цифрлы платформалар бойынша қалыптасқан цифрлы құзыреттілік деңгейлерін бағалау үшін «Цифрлы оқыту технологиялары» бойынша «Менің білетінім» және «Менің үйренгенім» тақырыптарына онлайн сауалнама жүргізілді: https://docs.google.com/forms/d/1eMIh68Digh_FMPPr2HbaegZI12ruv4DI3CESCQBLfTY/edit.

Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесі (2-кесте және 3-суретте көрнекі ашылды).

В опытно-экспериментальной работе приняли участие 63 ученика 2 класса («А» и «Б») общей средней школы №49. В ходе исследования были реализованы три этапа опытно-экспериментальной работы (констатирующий, формирующий, контрольный). На этапе выявления был определен первый уровень через «методику творческого мышления» П. Торренса, рассмотрены три пути формирования творческой деятельности на этапе формирования: первый – использование технологии Project based learning (PBL); второй – использование медиа ресурсов; третий – обучение через STEM. Результаты сравнительного исследования за период наблюдения показали, что работы, проведенные в период формирования, были результативными.

Ключевые слова: ученики начальной школы, творческая деятельность, трудовое обучение познавательная способность, творческое мышление.

WAYS TO FORM THE CREATIVE ACTIVITY OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS DURING THE HANDICRAFT LESSONS

Kassimova M.A. – PhD student, “8D01301 – Pedagogy and primary education methodology” educational program, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

Akhatayeva U.B. – PhD, Senior Lecturer of the Department of primary education methodology, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

Yesnazar A.Zh. – PhD, Senior Lecturer of the Department of primary education methodology, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

Kuanyshbayeva Z.B.* – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Department of primary education methodology, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

The problem of shaping personality of a student possessing the skills of creative knowledge application in the educational process demands attention and investigation. A person equipped with such skills can enact changes in societal development and become an active participant in the process. To assess the relevance of the article, an analysis of regulatory documents and research by both domestic and foreign scientists working in this field was conducted. Consequently, definitions of the concept of "creative activity" were proposed. Additionally, the article described components essential for developing creative activities in young students, including motivational, creative-cognitive, and intellectual aspects, and outlined their criteria and indicators. The goal of the study is to identify methods for fostering creative actions in the educational process. These actions should be purposeful and principled, encourage unconventional thinking skills, and support universal learning activities that lead to various forms of self-expression.

The experimental cohort comprised 63 students of 2nd grade (groups "A" and "B") of the General Secondary School № 49. The experimental work was divided into three stages: ascertaining, forming, and controlling. At the ascertainment stage, a new level was determined using the methodology of creative thinking by P. Torrens, while at the formation stage, three approaches were considered: project-based learning (PBL), utilization of media resources, and STEM learning. The results of the comparative analysis demonstrated the effectiveness of the work during the formation stage.

Key words: primary students, creative activity, handicraft lessons, cognitive ability, creative thinking.

Кіріспе. Қазіргі білім беру парадигмасының өзгеруіне байланысты білімді шығармашылықпен қолдана білу дағдысын меңгерген оқушы тұлғасын қалыптастыру мәселесі өзекті әрі зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі болып табылады. Себебі, шығармашылық қабілеті дамыған адам қоғамды өзгертуге және өз қызметінің субъектісіне айналуға қабілетті тұлға болып табылады.

Осы орайда, бастауыш білім берудің жалпыға міндетті білім беру стандартында сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық іс-әрекет пен шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқушының табиғи қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін арттырудың қажеттілігін көрсетеді [1]. Бұл бағыттағы қажеттіліктер тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Бұған сәйкес, бастауыш сынып оқу бағдарламаларының білім беру мазмұнында шығармашылық әлеуетті және музыкалық шығармашылық қабілетті қалыптастыруда шығармашылық жобаларды, өнердің түрлері, стильдері мен жанрларын қолдану мәселесі негізге алынады [2, 3 б.]. Ендеше, білім беру мазмұнында шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыруға бағытталған тапсырмалардың қарастырылғанын байқауға болады.

Олай болса, білім беруде жаңашылдыққа бағытталған қызметтің бірі – шығармашылық іс-әрекет. Олай деуге негіз бар, себебі шығармашылық іс-әрекет оқу процесінде инновациялық және прогрессивті идеяларды алға тартып, өзін-өзі дамытудағы әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыруды қамтиды.

Мақаланың мақсаты: «Еңбекке баулу» пәнін оқытуда бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындап, «Еңбекке баулу» пәнін оқытуда шығармашылық іс-әрекетті қалыптастырудың жолдарын айқындау.

Мақаланың міндеттері: зерттеу мәселесін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау, талдау нәтижесінде «бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекеті» ұғымын нақтылау, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтау және шығармашылық іс-әрекетті қалыптастырудың: бірінші – Project based learning (PBL) технологиясын; екінші – медиа ресурстарды; үшінші – STEM арқылы оқу жолдарын қарастыру.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің теориялық негіздерін айқындауда біршама ғалымдардың еңбектеріне шолу жасадық. Атап айтсақ, Г.М.Назирова, Н.Ю.Шарибаев, В.М.Гребенникова, Т.В.Черноусова, отандық зерттеушілер А.Е.Ахметсапа, Д.М.Сарсекулова, Г.Таттибаева және т.б. ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынды.

Г.М. Назирова және бірлескен авторлардың пікірінше, «шығармашылық тұлғаны қалыптастырудың негізгі жолы – жас ұрпақтың шығармашылық белсенділігін ынталандыратын педагогикалық шарттарды қолданудың нәтижесінде жететін шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған оқу-тәрбие процесін бағдарлау» деп түсіндіреді. Сондай-ақ, шығармашылық тұлғаны тәрбиелеуде мынадай бағыттардағы қызмет ықпал етеді деп болжайды:

Бірінші – білім алушыларды әртүрлі шығармашылық іс-әрекетке қосу;

Екінші – білім алушылардың жеке құндылығымен ерекшеленетін іс-әрекеттің жаңа түрлерін меңгеруге және сйкестендіруге мүмкіндік беретін білік пен дағдыларды жетілдіру;

Үшінші – адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға ықпал ететін, қарым-қатынас пен ынтымақтастыққа негізделген шығармашылық бірлестіктерді ұйымдастыру [3, 338 б.]. Бұл бағыттарды біз де зерттеу барысында негізге алатын боламыз.

Қырғыз елінің профессоры Н.Ю. Шарибаев және қосалқы авторлардың зерттеуінде инновациялық технологиялар арқылы білім алушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруда шығармашылық процесті ұйымдастыру мәселесі қарастырылады [4, 838 б.]. Бұл бағыттағы зерттеу шығармашылық іс-әрекеттің басымдылығын тануға негізделген және оқу-танымдық процесті ұйымдастырудың жүйе құраушысы ретінде қарастырады.

В.М. Гребенникова және өзге ғалымдардың зерттеуі мектеп және ЖОО-ның білім алушылардың шығармашылық әлеуетін жетілдіруге бағытталған. Зерттеудің нәтижелері білім алушылардың дербес ілгеріленуіне, мәселені көру қабілетін арттыру, сарапшылық талқылау мәдениетін дамыту, бейресми білім беру ортасында туындайтын стандартты емес шешімдерді қабылдау, коммуникативті құзыреттілік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді [5, 333 б.]. Бұл зерттеу шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыра алады. Себебі, біздің түсінуіміз бойынша әрекеттер саналы түрде шығармашылыққа ауысу мүмкіндігіне ие.

Шығармашылық іс-әрекет пен шығармашылық белсенділік деңгейлерінің классификациясын Т.В. Черноусова ұсынды: «репродуктивті жеткілікті, репродуктивтіліктің жоғары жылдамдығы, репродуктивті-шығармашылық, шығармашылық-жеткілікті, шығармашылықтың деңгейі жоғары». Біз автордың ұсынған деңгейлерін зерттеу барысында назарда ұстаймыз.

А.Е. Ахметсапа өзінің зерттеуінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мүмкіндіктерін қарастыра отырып, шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асырудағы дайындығы, шығармашылықты дамытуға бағытталған ресурстар мен білім беру технологияларды қолдану деңгейі, проблемалары мен қиындықтары, білім алу қажеттілігі жайында қарастырылған [6, 33 б.]. Бұл бағыттағы зерттеуден біз, шығармашылықты іске асырудағы бірізділік, арнайы

әдістемелік білімнің қажеттілігі, теория мен тәжірибелік дайындығының бірлігінің болуы шығармашылықты қалыптастыруға мүмкіндік беретінін айтамыз.

Ақпараттық білім беру кеңістігінде цифрлық білім беру ресурстарын қолдану арқылы шығармашылық іс-әрекетті қалыптастырудың мүмкіндіктерін Д.М. Сарсекулова зерттеулерінде қарастырған. Оның пікірінше, білім берудегі геймификация, onlain test pad платформасы, padlet онлайн тақтасы, Quizizz, мультимедиялық презентация және т.б. шығармашылық қабілетті қалыптастыруға ықпал етеді [7, 231 б.]. Әрине, мұғалімнің шығармашылық қызметке дайындығы мультимедиялық технологияларды меңгеріп қана қоймай, оны іске асыруға білігі мен білімі болған жағдайда ғана шығармашылық іс-әрекеті бар деп пайымдауға болады.

Г. Таттибаева өзінің мақаласында көркем еңбек пәнін оқытуда шығармашылыққа деген ұмтылыс және белсенділікті жолға қоюдың нәтижесінде шығармашылық іс-әрекет қалыптасады деп көрсетеді [8, 64 б.]. Демек, шығармашылық әлеуетті көтеруде шығармашылыққа негізделген әрекеттерді күнделікті оқу процесінде іске асыру қажет. Мұндағы шығармашылықты талап ететін әрекеттер деп отырғанымыз, мақсат қою, жоспарлау, танымдық қызығушылық, бақылау, бағалау және т.с.с. [9, 210 б.].

Ғалымдардың еңбектерін талдау нәтижесінде біз, «бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекеті – мәселені шешуде өзіндік ойы мен пікірі, өзінің айқын мақсаты мен сенімі, стандартты емес ойлау дағдысы бар іс-әрекеттің түрі» деп анықтама ұсынамыз.

Ендеше, отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерін талдау барысында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін (бұдан әрі қарай БСОШӨ) қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтадық. Бұл құрылымның кезеңдеріне тоқталайық (кесте 1).

Кесте 1 – Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері

Компонент	Өлшемдері	Көрсеткіштері
1	2	3
Мотивациялық	Шығармашылыққа ұмтылыс	- маңызды нәрсе жасауға ұмтылыс; - жаңа идея ұсынуға деген талпыныс; - оқуға деген белсенділік ұстанымы.
Шығармашылық-танымдық	Когнитивті білім	- шығармашылық белсенділігі мен танымдық білімі; - жаңа ақпаратты меңгеру; - ақпаратты өңдеу, түрлендіре білу.
Интеллектуалдық	Шығармашылық ойлау	- зияткерліктің жоғары деңгейіне жетудегі шығармашылық әрекеті; - мәселені шешудегі әмбебап оқу әрекеттері; - білімді шығармашылықпен қолдана алу.

Бұл ұсынылған көрсеткіштер оқушыларды жаңа идея ұсыну арқылы жаңашылдыққа деген талпынысты, шығармашылық белсенділікті арттырып, когнитивті процестердің нәтижесінде білім жинақтауды, зияткерліктің жоғары деңгейіне жетудегі шығармашылық әрекеттері іске асыруды қажет етеді.

Олай болса, біздің зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты – оқу процесінде өзінің мақсаты мен сенімі, стандартты емес ойлау дағдысы, өзін-өзі көрсетудің барлық түрлеріне әкелетін әмбебап оқу әрекеттері бар шығармашылыққа негізделген іс-әрекеттерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін жолдарды таныту. Бұл мақсатқа жетуде үш жолды қарастырдық. Атап айтсақ, бірінші – Project based learning (PBL) технологиясын қолдану; екінші – медиа ресурстарды қолдану; үшінші – STEM арқылы шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыратын боламыз.

Мектептің оқу процесіне шығармашылыққа негізделген процесті іске асыру кезінде оқушылардың өзін-өзі ұстауы, жоспарлай алуы, өзгелермен қарым-қатынасы, ортада еркін сезінуі нәтижесінде қандай өнім алды деген сұрақтың төңірегінде бақылау әдісін жүргізіп, шығармашылық іс-әрекетін анықтау мақсатында диагностикалық әдіс жүргізілді.


Нәтижелер және талқылау. Тәжірибелік-эксперимент жұмыстарына №49 жалпы орта мектебінің 2 сыныптың («А» және «Б» сыныбы) оқушылары қатысты. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс үш кезеңде жүргізілді.

Анықтау кезеңінде – білім алушылардың шығармашылық іс-әрекетін анықтау мақсатында П.Торренстің «Шығармашылық ойлауға арналған тесті» қолданылды [10, 30 б.]. Бұл әдістемедегі шығармашылықтың негізгі көрсеткіштері: өнімділік, икемділік, түпнұсқалылық, өңдеу. Білім алушылардың нәтижелерінің талдамасын келесі кестеде ұсынамыз (кесте 2).

Кесте 2 – П.Торренстің «Шығармашылық ойлауға арналған тест» (анықтау кезеңі)

Деңгейлері	Бақылау сыныбы		Тәжірибелік сынып	
	Пайыздық көрсеткіші	Оқушы саны	Пайыздық көрсеткіші	Оқушы саны
	n=31		n=32	
1	2	3	4	5
жоғары	9,7%	3	6,3%	2
орта	48,4%	15	50%	16
төмен	41,9%	13	43,7%	14

Кестедегі көрсетілген мәліметтердің диаграмма түріндегі көрінісі төмендегідей (сурет 1).



Сурет 1 – П.Торренстің «Шығармашылық ойлауға арналған тесті» (анықтау кезеңі)

Анықтау кезеңінде жоғары деңгей бақылау сыныбында – 9,7%, тәжірибелік сыныпта – 6,3% берілді. Демек, мұндай оқушылар шығармашылық ойлауға бейім, алуан түрлі жаңа идеяларды ортаға салу, мәселені әр қырынан сипаттау қасиеттеріне ие. Орта деңгейі бақылау сыныпта – 48,4%, тәжірибелік сыныпта – 50% көрсетті. Олар жаңа идеяларды алға қою мүмкіндігіне ие, бірақ мұғалімнің нұсқауымен іске асады. Сондай-ақ, мәселені бір бағытта ғана шешуге талпынады. Бақылау сыныбындағы білім алушылардың 41,9% пайызы төмен деңгейді көрсетті (тәжірибелік сыныбы – 43,7%). Мұндай білім алушылар мәселені бір қырынан екіншісіне өту қабілетін сипаттауда қиындыққа тап болады. Жаңа, алуан түрлі ерекше идеяларды ұсына алмайды.

Бұл олқылықтардың орнын толтыру мақсатында қалыптастыру кезеңі іске асырылды. Бұл кезеңде білім алушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру мақсатында оқу процесінде 2023-2024 оқу жылының I, II тоқсан бойы сабақ жүргізілді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс 2 сыныптың «Еңбекке баулу» пәні аясында жүргізілді. Еңбекке баулу сабағы білім алушыларды еңбекке, шеберлікке, шығармашыққа баулиды. Олай болса біз, шығармашылық іс-әрекетті Project based learning технологиясы арқылы қалыптастырудың жолдарын қарастыратын боламыз.

Бірінші жолы – *Project based learning (PBL) технологиясының* нәтижесі шығармашылық әрекеттің мәдени маңызды өнімі болып табылады. Бұл технологияны іске асыру барысында мұғалім танымдық, эстетикалық және көркемдік-шығармашылық әрекеттерді өзара байланыстыра отырып, танымдық қызығушылық пен шығармашылықтың көрінісін үйретеді. Бұл технология нақты сабақ барысында кездесетін қиындықтар мен мәселелерге қатысты жобаларды тарту арқылы білім, білік, дағдыны дамытуға мүмкіндік беріп, өзін-өзі қамтамасыз ететін креативті және сыни ойлаушы болуға дайындайды. Сондай-ақ, PBL көмегімен білім алушылар тереңінен ойлана отырып, шынайы, күрделі және тартымды мәселені зерттей отырып, оған жауап береді. Демек, бұл шығармашылық іс-әрекетті негіздеп зерттеуге бағыттайды [11, 12, 13].

Project based learning технологиясы көрме жобасын ұйымдастыру арқылы іске асады. Мәселен, оқу мақсатына «2.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамыту үшін ақпарат жинау және жұмыстың эскизін жасау» жетуде білім алушылар түрлі түсті кептірілген жапырақтарды жинап, зерттеу жүргізеді. Шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар ұсынылады:

1-тапсырма. Жапырақты қалай кептіруге болатыны түсіндір (күзгі жапырақтарды газет немесе кітап парағының арасына салып кептіреді деген пікірлер білдіреді).

2-тапсырма. Әр түрлі пішіндегі жапырақтарды фигуралармен салыстыр.

3-тапсырма. Кептілірген жапырақтар арқылы жануарларды бейнеле.

4-тапсырма. Жапырақтан қандай пішіндер құрастыруға бағытталған шығармашылық идея ойластыр.

5-тапсырма. Жоба бойынша зерттеудің нәтижелерін ұсын (кескіндеме, графика, мүсін, дизайн, сәулет өнері ретінде ұсынады).

Білім алушылар шығармашылық идеяларын іске асыра отырып жапырақтан әр түрлі жануарлардың эскизін жасап және бейнелеп, көрме жобасы ұйымдастырылды. Шығармашылық іс-әрекетке бағытталған көрме жобасында жапырақтардан бейнеленген жануарлардың, күзгі жапырақтардан жасалған коллаж, табиғи материалдардан жасалған аппликациялар және т.б. таныстырылды. Сонымен қатар, жобалар кескіндеме, графика, мүсін, дизайн, сәулет өнері ретінде ұсынылды. Бұл бағыттағы жоба жұмыстары білім алушылардың әртүрлі шығармашылық іс-әрекетті дамытуға жағдай жасауды, шығармашылық белсенділікке деген қажеттілікті қалыптастыруды, қоршаған ортаны танып білуге, әр білім алушының жеке тұлғасын дамытуға және шығармашылықпен өзін-өзі көрсетуге жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Екінші жолы – білім алушылардың шығармашылық іс-әрекетін *медиа ресурстарды қолдану* арқылы ақпаратқа бай зерттеу және шығармашылық түрлендіру өрісін құруды, бейнелеу мәдениетін дамытуға, эксперимент және ойын арқылы әр түрлі ақпаратты білуді қамтамасыз етеді. Заманауи медиа ресурстарына: виртуалды мұражайлар, электронды энциклопедиялар, суретшілердің, мүсіншілердің шығармашылығы, тарихы мен мәдениеті туралы электронды презентациялар және т.б. жатқызамыз. Мәселен, виртуалды мұражай әдісін [14, 360 б.] қолдану арқылы «Натюрморт», «Пейзаж», «Мүсін жасау», «Ұлттық ыдыс-аяқ жасау өнері» тақырыптарға байланысты шығармалар мен визуалдық мәтіндер, сондай-ақ, әлемдегі ең керемет мұражайлар таныстырылды. Дегенмен, виртуалды экскурсиялар білім алушылардың оқуға деген ынтасы мен ұмтылысын арттырып қана қоймайды, сонымен қатар, ғылымды, тарихты және өнерді зерттеуге бағыттайды. Ортақ тақырыптардың негізінде пәнаралық байланыс іске асады.

1-тапсырма. Онлайн экскурсиядан алған әсерлеріне сүйене отырып мәтін құра.

2-тапсырма. Rain программасында сурет сал.

3-тапсырма. С.Асановтың «Қошақан» әнін тыңдап, мақта, қайшы, қалам, кілей, қағаз арқылы бейнесін жаса.

4-тапсырма. Мақтаның шығу тарихы туралы видео көріп, оның тарихы туралы мәтін құрастыр.

5-тапсырма. Виртуалды мұражайдан алған мәлімет туралы презентация дайында.

Үшінші жолы – *STEM білім беру жағдайында* шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыру. Бастауыш сыныптың білім беру процесіндегі заманауи тенденцияларының бірі – білім алушылардың әр түрлі ғылым салаларын қамтамасыз ететін STEM (ғылым, технология, инженерия, математика) жағдайында білім беру [15]. Бұл бағыттағы тапсырмалар білім алушылардың көркемдік және техникалық шығармашылық мәселелерін шешуді біріктіреді. Әр түрлі ғылым салаларын қолданудың нәтижесінде жасалған жоба ақпараттық-коммуникациялық, цифрлық және медиа-технологияларды дамыту, шығармашылық іс-әрекетті синтездеу негізінде өнімді іс-әрекетті ұйымдастыру арқылы қол жеткізуге болады.

STEM білім беру жағдайында шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар.

1-тапсырма. «Жасанды және табиғи заттардан бұйым жасау» жобасы аясында таспа, түйме, табиғи материалдардан қаламсалғыш, су құйғыш және т.б. заттарды жасайды.

2-тапсырма. «Қағаздың сыры» жобасы аясында қағазды әр түрлі тұрғыда сипаттайды. Эксперимент жасау арқылы қағазды бүктеуге болады, қағазды сулайды, қағаз арқылы әр түрлі геометриялық фигураларды жасайды және т.б. әрекеттер орындалады. Экологиялық білім беру саласында эксперимент әдісінің маңызы зор. Сондай-ақ, судың, тастың, құмның, ауаның қасиеттерін, олардың бір-бірімен байланысын тануға және қоршаған ортамен байланысын зерттеуге мүмкіндік береді.

Бұл бағытта алынған білім білім алушының бойында өмір бойы сақталады, өйткені эксперимент барысында процесті өзі бақылап, өзі басқарып, оны эмоционалды түрде сезініп, болжам жасап, нәтижесін көреді.


Осындай бағыттағы тапсырмалар білім алушылардың танымдық пен шығармашылық әрекеттеріне әсері мол деп білеміз.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты қорытындылауда – бақылау кезеңі жүргізілді. Ендеше, бірнеше ай бойы жүргізілген жұмыстардың нәтижесінің тиімділігін анықтау мақсатында диагностикалық әдістемені қайта алдық. Оның салыстырмалы нәтижесі төмендегідей мәліметті көрсетті:

Кесте 3 – П.Торренстің «Шығармашылық ойлауға арналған тест» (анықтау кезеңі)

Деңгейлері	Бақылау сыныбы				Тәжірибелік сынып			
	n=31				n=32			
	ЭД		ЭК		ЭД		ЭК	
1	2		3		4		5	
жоғары	9,7%	3	16,1%	5	6,3%	2	21,8%	7
орта	48,4%	15	58,1%	18	50%	16	62,5%	20
төмен	41,9%	13	25,8%	8	43,7%	14	15,7%	5

Кестедегі көрсетілген мәліметтердің диаграмма түріндегі көрінісі төмендегідей (сурет 2).



Сурет 2 – П.Торренстің «Шығармашылық ойлауға арналған тесті» (бақылау кезеңі)

Бақылау кезеңіндегі салыстырмалы нәтижелерді талдау: бақылау және тәжірибелік сыныптың арасында айырмашылық байқалды. Демек, тәжірибелік сыныпта жоғары деңгей 5 білім алушыға артып, 21,8% құрады; орта деңгейдегі білім алушылардың саны 4 оқушыға артып, 62,5% құрады; ал, білім алушылардың саны 9 оқушыға кеміп 15,7% төменгі деңгей көрсетті. Олай болса, бұл көрсеткіштер тәжірибелік сыныпта жүргізілген жұмыстардың нәтижелі болғандығын көрсетеді.

Қорытынды. Білім беру процесінде шығармашылыққа бағытталған әрекеттерді орындау білім алушыны белсенді қатысушыға айналдырады. Жас ұрпақтың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың маңызы зор. Ендеше, бұл іс-әрекетті қалыптастыру мәселесі ең өзекті әрі зерттеуді қажет ететін мәселенің бірі болып табылады. Зерттеудің өзектілігін анықтау мақсатында нормативтік құжаттарға, шығармашылықты қалыптастыру мәселесін зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жүргізілді. Талдау нәтижесінде, шығармашылық іс-әрекет – мәселені шешуде жаңа идея ұсына алатын, өзіндік ойы мен пікірі, өзінің айқын мақсаты мен сенімі, стандартты емес ойлау дағдысы мен зияткерліктің жоғары деңгейіне жетудегі шығармашылық белсенділікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері анықталып, тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмысының кезеңдері (анықтау, қалыптастыру, бақылау) іске асырылды.

Қорыта келе, анықтау кезеңінде П.Торренстің «Шығармашылық ойлауға арналған әдістемесін» қолдану арқылы шығармашылық іс-әрекеттің алғашқы деңгейі анықталып, қалыптастыру кезеңінде шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың үш жолы: бірінші – Project based learning (PBL) технологиясын қолдану; екінші – медиа ресурстарды қолдану; үшінші – STEM арқылы оқу жолдары қарастырылды. Бақылау кезеңіндегі салыстырмалы зерттеу нәтижелері қалыптастыру кезеңінде жүргізілген жұмыстардың нәтижелі болғандығын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын** бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы [Электрондық ресур] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (жүгінген уақыты – 25.01.2024 ж.)

2. **1-4-сыныптарға арналған «Еңбекке баулу» пәнінің оқу бағдарламасы** [Мәтін] / Әдістемелік нұсқаулық – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 56 б.

3. Назирова. Г.М., Рахимова. Ф.М. Болашақ педагог-тәрбиешілердің шығармашылық қызметін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері [Мәтін] /Г.М. Назирова, Ф.М. Рахимова// Экономика және қоғам. – 2023. – №. 1-1 (104). – 334-339 б.
4. Шарибаев. Н.Ю., Кучкаров. Б.Х., Эргашов. А.К., Абдулхаев. А.А., Муминжонов. М.М. Шығармашылық қызмет дамудың негізі ретінде [Мәтін] /Н.Ю. Шарибаев, Б.Х. Кучкаров, А.К. Гашов, А.А. Абдулхаев, М.М. Муминжонов// Экономика және қоғам. – 2022. – №. 5-2 (92). – 837-840 б.
5. Гребенникова. В.М., Гребенников. О.В., Игнатович. В.К., Семенова. А.В. Педагогикалық жоғары оқу орнының студенттерімен бірлескен шығармашылық қызмет процесінде жоғары сынып оқушыларының зерттеу мүдделерін дамыту [Мәтін]/В.М. Гребенникова, О.В. Гребенников, В.К.Игнатович, А.В. Семенова// Ғылым мен білім перспективалары. – 2023. – №. 1 (61). – 321-339 б.
6. Ахметсапа. А.Е., Жолтаева. Г.Н., Абуханова А.Б. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың алғышарттары [Мәтін] / А.Е. Ахметсапа, Г.Н.Жолтаева, А.Б. Абуханова // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы. – 2023. – №. 3. – 24-36 б.
7. Сарсекулова. Д., Жолтаева. Г., Маилыбаева. Г., Ахметсапа. А. Бастауыш сынып мұғалімінің қашықтықтан оқыту жағдайындағы шығармашылық іс-әрекеті [Мәтін] / Сарсекулова. Д., Жолтаева. Г., Маилыбаева. Г., Ахметсапа. А. // Педагогика және психология. – 2023. – Т. 1. – №. 54.
8. Таттибаева. Г. «Көркем еңбек» пәнінде бейнелеу өнерін оқытуда бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық дамуы [Мәтін] / Г. Таттибаева // Инженерлік графика және кәсіптік білім беру проблемалары. – 2023. – Т. 68. – №. 1. – 63-72 б.
9. Ахметсапа, А., Жолтаева, Г., Uzunboyly, H., Сарсекулова, Д. Шығармашылық бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетінің компоненті ретінде [Мәтін] / А. Akhmetsapa, G. Zholtayeva, H. Uzunboyly, D. Sarsekulova // Pedagogy and Psychology. – 2023. – Т. 55. – №. 2. –204-214 б.
10. Шумакова, Н.Б., Щепланова Е.И., Щербо Н.П. Бастауыш сынып оқушыларының П.Торренс тесттерін пайдалана отырып, шығармашылық дарындылығын зерттеу [Мәтін]/Н.Б. Шумакова, Е.И. Щепланова, Н.П. Щербо//Психология мәселелері. – 2001. – Т. 1. – 27-32 б.
11. Sa'diyah U., Suradji M., Tamaji S.T., Fauziyah N.R. The Effect of Implementing Project Based Learning Assisted by Manipulative Learning Media on Elementary School Students Understanding. *AJER: Advanced Journal of Education and Religion*, 2024, vol. 1(1), pp. 53-61.
12. Rehman N., Zhang W., Mahmood A., Fareed M. Z., Batool S. Fostering twenty-first century skills among primary school students through math project-based learning. *Humanities and Social Sciences Communications*, 2023, vol. 10(1), pp. 1-12.
13. Sun J.A. Project-Based Learning (PBL) Event in a Chinese Rural School: How Can PBL Help Teachers and Students Accomplish Deep Learning? *Research and Advances in Education*, 2023, vol. 2 (4), pp. 59-68.
14. Умралиева. Л.М., Сабырова. А.К. Виртуалды мұражай әдісін қоланер бұйымдары мен шығармашылық жұмыстарды талдау үдерісінде қолдану [Мәтін] / Л.М.Умралиева, А.К.Сабырова // Ясауи университетінің хабаршысы.– 2023. – Т. 1. – №. 127. – 351-363 б.
15. Zakeri N.N., Hidayat R., binti Yaakub N.F., Balachandran K.S., binti Azizan N.I. Creative methods in STEM for secondary school students: Systematic literature review. *Contemporary Mathematics and Science Education*, 2023, vol. 4(1), ep23003.

REFERENCES:

1. Mektepke dejingi tarbie men okytudyn, bastauysh, negizgi orta, zhalpy orta, tehnikalyk zhane kasiptik, orta bilimnen kejingi bilim berudin memlekettik zhalpyga mindetti standarttaryn bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Oku-agartu ministrinin 2022 zhylygy 3 tamyzdagy № 348 byjrygy [Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated August 3, 2022 No. 348 on approval of State mandatory standards of preschool education and training, primary, basic secondary, general secondary, technical and professional, post-secondary education]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (In Kazakh). (accessed: 25.01.2024 г.).
2. 1-4-synpytarga arналған «Enbekke baulu» paninin oku bagdarlamasy [Curriculum of the handicraft discipline for grades 1-4]. *Adistemelik nuskaulyk*, Astana, Y. Altynsarin atyndagy UBA, 2023, 56 p. (In Kazakh).
3. Nazirova G.M., Rahimova F.M. Metodologicheskie osnovy' formirovaniya tvorcheskoy deyatel'osti budushchih pedagogov-vospitatelej [Methodological foundations for the formation of creative activity of future educators-tutors]. *E'konomika i socium*, 2023, no. 1-1 (104), pp. 334-339. (In Russian).
4. Sharibaev N.Yu., Kuchkarov B.H., Ergashov A.K., Abdulhaev A.A., Muminzhonov M.M. Tvorcheskaya deyatel'nost' kak osnova razvitiya [Creative activity as a basis for development]. *E'konomika i socium*, 2022, no. 5-2 (92), pp. 837-840. (In Russian).

5. Grebennikova V.M., Grebennikov O.V., Ignatovich V.K., Semenova A.V. **Razvitie issledovatel'skih interesov starsheklassnikov v processe sovместnoj tvorcheskoj deyatel'nosti so studentami pedagogicheskogo vuza** [Development of research interests of high school students within the joint creative activity with students of a pedagogical university]. *Perspektivy' nauki i obrazovaniya*, 2023, no. 1 (61), pp. 321-339. (In Russian).
6. Ahmetsapa A.E., Zholtaeva G.N., Abuhanova A.B. **Bolashak bastaуysh synyp mugalimderin kasibi-shygarmashylyk is-areketke dayarlaudyn algыsharttary** [Prerequisites for the preparation of future primary school teachers for professional and creative activities]. *L.N. Gumilev atyndagy Eurazia ulttyk universitetinin habarshysy. Pedagogika. Psihologiya. Sociologiya seriasy*, 2023, no. 3, pp. 24-36. (In Kazakh).
7. Sarsekulova D., Zholtayeva G., Mailybayeva G., Akhmetsapa A. **Bastaуysh synyp mugaliminin kashyktyktan okytu zhagdajyndagy shygarmashylyk is-areketi** [Creative activity of a primary school teacher under distance learning conditions]. *Pedagogy and Psychology*, 2023, vol. 1, no. 54. (In Kazakh).
8. Tattibaeva G. **«Korkem enbek» paninde bejneleu onerin okytuda bastaуysh synyp okushylarynyn shygarmashylyk damuy** [Creative development of primary school students in teaching fine arts in the "artwork" discipline]. *Problemy' inzhenernoj grafiki i professional'nogo obrazovaniya*, 2023, vol. 68, no. 1, pp. 63-72. (In Kazakh).
9. Akhmetsapa A., Zholtayeva G., Uzunboylu H., Sarsekulova D. **Shygarmashylyk bastaуysh synyp mugaliminin kasibi is-areketinin komponenti retinde** [Creativity as a component of the professional activity of a primary school teacher]. *Pedagogy and Psychology*, 2023, vol. 55, no. 2, pp. 204-214. (In Kazakh).
10. Shumakova, N.B., Shcheblanova E.I., Shcherbo N.P. **Issledovanie tvorcheskoj odarennosti s ispol'zovaniem testov P.Torrensa u mladshih shkol'nikov** [A study of creative giftedness using P. Torrens tests in primary school children]. *Voprosy' psikhologii*, 2001, vol. 1, pp. 27-32. (In Russian).
11. Sa'diyah U., Suradji M., Tamaji S.T., Fauziyah N.R. **The Effect of Implementing Project Based Learning Assisted by Manipulative Learning Media on Elementary School Students Understanding.** *AJER: Advanced Journal of Education and Religion*, 2024, vol. 1(1), pp. 53-61.
12. Rehman N., Zhang W., Mahmood A., Fareed M. Z., Batool S. **Fostering twenty-first century skills among primary school students through math project-based learning.** *Humanities and Social Sciences Communications*, 2023, vol. 10(1), pp. 1-12.
13. Sun J.A. **Project-Based Learning (PBL) Event in a Chinese Rural School: How Can PBL Help Teachers and Students Accomplish Deep Learning?** *Research and Advances in Education*, 2023, vol. 2 (4), pp. 59-68.
14. Umralieva, L.M., Sabyrova, A.K. **Virtualdy murazhaj adisin koloner bujymdary men shygarmashylysh zhymystardy taldaу uderisinde koldanu** [Application of the virtual museum method in the process of analyzing handicrafts and creative works]. *Vestnik universiteta Yasavi*, 2023, vol. 1, no. 127, pp. 351-363. (In Kazakh).
15. Zakeri N.N., Hidayat R., binti Yaakub N.F., Balachandran K.S., binti Azizan N.I. **Creative methods in STEM for secondary school students: Systematic literature review.** *Contemporary Mathematics and Science Education*, 2023, vol. 4(1), ep23003.

Авторлар туралы мәліметтер:

Касимова Махаббат Арсыхановна – 8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының докторанты, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 160012, Шымкент қ., А.Байтұрсынов 13, тел.: 8-701-808-03-52, e-mail: aio_a@mail.ru.

Ахатаева Ұлсана Борашқызы – PhD, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, 160012, Шымкент қ., А.Байтұрсынов 13, тел.: 8-702-628-02-41, e-mail: ulsana_a@mail.ru.

Есназар Асель Жаңабергенқызы – PhD, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, 160012, Шымкент қ., А.Байтұрсынов 13, тел.: 8-775-885-20-23, e-mail: asel.esnazar@mail.ru.

Куанышбаева Зауре Бекеновна* – педагогика ғылымдарының кандидаты, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, 160012, Шымкент қ., А.Байтұрсынов 13, тел.: 8-701-137-27-87, e-mail: kzb-69@mail.ru.

Касимова Махаббат Арсыхановна – обучающийся докторантуры по образовательной программе 8D01301 – Педагогика и методика начального обучения, Южно-Казахстанский педагогический университет имени О.Жанибекова, Республика Казахстан, 160012, г.Шымкент, А.Байтурсынова 13, тел.: 8-701-808-03-52, e-mail: aio_a@mail.ru.

Ахатаева Ұлсана Борашқызы – PhD, старший преподаватель кафедры методика начального обучения, Южно-Казахстанский педагогический университет имени О.Жанибекова, Республика Казахстан, 160012, г.Шымкент, А.Байтурсынова 13, тел.: 8-702-628-02-41, e-mail: ulsana_a@mail.ru.

Есназар Асель Жаңаберженқызы – PhD, старший преподаватель кафедры методика начального обучения, Южно-Казахстанский педагогический университет имени О.Жанибекова, Республика Казахстан, 160012, г.Шымкент, А.Байтурсынова 13, тел.: 8-775-885-20-23, e-mail: asel.esnazar@mail.ru.

Куанышбаева Зауре Бекеновна* – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры методика начального обучения, Южно-Казахстанский педагогический университет имени О.Жанибекова, Республика Казахстан, 160012, г.Шымкент, А.Байтурсынова 13, тел.: 8-701-137-27-87, e-mail: kzb-69@mail.ru.

Kassimova Makhabbat Arsykhanovna – PhD student, “8D01301 – Pedagogy and primary education methodology” educational program, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160012 Shymkent, 13 A.Baitursynov Str., tel.: 8-701-808-03-52, e-mail: aio_a@mail.ru.

Akhatayeva Ulsana Borashkyzy – PhD, Senior Lecturer of the Department of primary education methodology, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160012 Shymkent, 13 A.Baitursynov Str., tel.: 8-702-628-02-41, e-mail: ulsana_a@mail.ru.

Yesnazar Assel Zhanabergenkyzy – PhD, Senior Lecturer of the Department of Primary Education Methodology, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160012 Shymkent, 13 A.Baitursynov Str., tel.: 8-775-885-20-23, e-mail: asel.esnazar@mail.ru.

Kuanyshbayeva Zaure Bekenovna* – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Department of primary education methodology, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160012 Shymkent, 13 A.Baitursynov Str., tel.: 8-701-137-27-87, e-mail: kzb-69@mail.ru.

MISTI 14.35.07

UDC 378.14.015.62

https://doi.org/10.52269/22266070_2024_2_174

ENHANCING PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL COMPETENCIES IN ASPIRING POLICE OFFICERS VIA VOCATIONAL TRAINING

Kim N.P. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of the Academy of Pedagogical Sciences of the Republic of Kazakhstan, Professor of the Department of professional psychological training and management, Department of Internal Affairs of the Kostanay Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, Republic of Kazakhstan.

Kandalina Y.M.* – Candidate of Pedagogical Sciences, acting Associate Professor of the Foreign Philology Department, «Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University» NLC, Republic of Kazakhstan.

In the face of significant global changes affecting Kazakhstan and ongoing reforms across state structures, society is witnessing a surge in specific categories of crimes, emphasizing the urgency of addressing socially dangerous trends. Consequently, there is a crucial need for improved initial professional training for law enforcement officers and an exploration of effective pedagogical methods to foster the necessary personal and professional qualities for their service. The purpose of the article is to demonstrate the development of pedagogical and psychological skills of future police officers in the educational process. The research employs analytical methods, including a thorough examination of psychological and pedagogical literature, scrutiny of normative documents governing educational institutions of the Ministry of Internal Affairs, and an analysis of curricula for initial vocational training courses at the Academy of the Ministry of Internal Affairs. Additionally, diagnostic techniques including surveys, expert evaluations, and empirical data analysis and synthesis were employed.

The study involves a questionnaire survey of 350 students undergoing initial professional training for senior, private, and junior command staff, with results compared to expert assessments provided by instructors. The findings reveal a tendency for students to overestimate their self-evaluation regarding the development of professional and psychological skills, qualities, and stability.

In response, the authors advocate for an increase in the study hours dedicated to the "Fundamentals of Psychological Preparedness" discipline and propose a curriculum revision aimed at fostering analytical-psychological and technical-psychological skills, professional thinking, and professional-psychological qualities among students.

This research aims to establish the theoretical underpinnings for cultivating the professional psychological preparedness of future police officers. It involves analysing its constituent elements, pinpointing challenges, and suggesting objectives for psychological and pedagogical interventions aimed at the students' personal development. The findings of this study offer practical value for the development of educational programs in initial vocational training courses and provide a foundation for further investigations in this field.

Key words: *psychological and pedagogical skills, professional and psychological readiness, psychological stability, initial professional training, psychological and pedagogical qualities, moral values of students.*

БОЛАШАҚ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ ОҚЫТУ ҮШІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ким Н.П. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Педагогика Ғылымдары Академиясының академигі, Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясының кәсіптік-психологиялық даярлық және ӘҚҚ басқармасы кафедрасының профессоры, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Кандалина Е.М. – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ, Шетел филологиясы кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а., Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.*

Қазақстанға да әсер ететін елеулі жаһандық өзгерістер, мемлекеттік құрылымдарда жүргізіліп жатқан реформалар жағдайында қоғам қылмыстардың жекелеген санаттарының өсуіне күйе болуда, бұл әлеуметтік қауіпті үрдістерге қарсы күрестің өзектілігін көрсетеді. Сондықтан, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің бастапқы кәсіби дайындығын жақсарту және олардың қызметі үшін қажетті жеке және кәсіби қасиеттерді тәрбиелеудің тиімді педагогикалық әдістерін үйрену қажеттілігі туындайды. Мақаланың мақсаты – білім беру барысында болашақ полиция қызметкерлерінің педагогикалық және психологиялық дағдыларын дамыту. Зерттеу барысында ІІМ білім беру мекемелерін реттейтін нормативтік құжаттарды және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді мұқият меңгеруді, ІІМ жоғары оқу орындарындағы бастауыш кәсіптік білім беру курстарының оқу бағдарламаларын қамтитын аналитикалық әдістер қолданылды. Сауалнама, сараптамалық бағалау, эмпирикалық деректерді талдау және жалпылау сияқты диагностикалық әдістер де қолданылады. Зерттеу шеңберінде аға, қатардағы және кіші басшы құрамның бастапқы кәсіптік даярлығынан өтетін 350 тыңдаушыға сауалнама жүргізілді, аталған сауалнаманың нәтижелері сабақ жүргізетін нұсқаушылардың сараптамалық бағалау нәтижелерімен салыстырылды. Нәтижелер тыңдаушылардың кәсіби және психологиялық дағдыларды, қасиеттер мен тұрақтылықты дамытуға қатысты өзін-өзі жоғары бағалауға бейімділігін көрсетеді. Авторлар "Психологиялық дайындық негіздері" пәні бойынша оқу уақытын ұзартуды жақтап, аналитикалық-психологиялық және техникалық-психологиялық дағдыларды, кәсіби ойлауды және кәсіби-психологиялық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған оқу бағдарламасын қайта қарауды ұсынады. Бұл зерттеу болашақ полиция қызметкерлерінің кәсіби психологиялық дайындығын қалыптастырудың теориялық негіздерін қалыптастыруға, оның компоненттерін талдауға, мәселелерді анықтауға және студенттердің жеке басына психологиялық-педагогикалық араласудың мақсаттарын ұсынуға ықпал етеді. Аталған зерттеудің нәтижелері бастауыш кәсіптік білім беру курстарында білім беру бағдарламаларын әзірлеуде практикалық құндылыққа ие және осы саладағы алдағы зерттеулерге негіз болады.

Түйінді сөздер: *психологиялық-педагогикалық дағдылар, кәсіптік-психологиялық дайындық, психологиялық тұрақтылық, бастапқы кәсіптік даярлық, кәсіптік-психологиялық қасиеттер, білім алушылардың адамгершілік құндылықтары.*

ФОРМИРОВАНИЕ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАВЫКОВ У БУДУЩИХ СОТРУДНИКОВ ПОЛИЦИИ В ПРОЦЕССЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ

Ким Н.П. – доктор педагогических наук, профессор, академик Академии педагогических наук Республики Казахстан, профессор кафедры профессионально-психологической подготовки и управления ОВД Костанайской академии МВД Республики Казахстан, Республика Казахстан.

Кандалина Е.М. – кандидат педагогических наук, и.о. ассоциированного профессора кафедры иностранной филологии, НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы», Республика Казахстан.*

В условиях значительных глобальных изменений, которые затрагивают и Казахстан, продолжающихся реформ в государственных структурах общество становится свидетелем всплеска отдельных категорий преступлений, что подчеркивает актуальность борьбы с социально опасными тенденциями. Следовательно, существует острая необходимость в улучшении начальной профессиональной подготовки сотрудников правоохранительных органов и изучении эффективных педагогических методов для воспитания необходимых личных и профессиональных качеств для их службы. Цель статьи – показать развитие педагогических и психологических навыков будущих сотрудников полиции в образовательном процессе. В исследовании использованы аналитические методы, включающие тщательное изучение психолого-педагогической литературы, изучение нормативных документов, регулирующих образовательные учреждения МВД, анализ учебных программ курсов начального профессионального образования в университете МВД. Используются также диагностические методы, такие как анкетирование, экспертные оценки, анализ и обобщение эмпирических данных. В рамках исследования проведено анкетирование 350 студентов, проходящих начальную профессиональную подготовку старшего, рядового и младшего начальствующего состава, результаты этого анкетирования были сравнены с результатами экспертных оценок инструкторов, ведущих занятия. Полученные данные свидетельствуют о склонности студентов к завышению своей самооценки относительно развития профессиональных и психологических навыков, качеств и устойчивости. В ответ авторы выступают за увеличение учебного времени по дисциплине «Основы психологической подготовки» и предлагают пересмотреть учебную программу, направленную на формирование у студентов аналитически-психологических и технико-психологических навыков, профессионального мышления и профессионально-психологических качеств. Данное исследование способствует формированию теоретических основ формирования профессиональной психологической подготовленности будущих сотрудников полиции, анализу ее компонентов, выявлению проблем и предложению целей психолого-педагогических вмешательств в личность студентов. Результаты данного исследования имеют практическую ценность для разработки образовательных программ на курсах начального профессионального образования и создают основу для дальнейших исследований в этой области.

Ключевые слова. психолого-педагогические умения, профессионально-психологическая готовность, психологическая устойчивость, начальная профессиональная подготовка, профессионально-психологические качества, нравственные ценности обучающихся.

Introduction

Recent societal developments have necessitated an elevation in law enforcement personnel's skills and preparedness. President Kasym-Jomart Tokayev of Kazakhstan highlighted the urgent need for comprehensive police reform in a recent speech, pointing out the global shift towards a service-oriented policing model. Although Kazakhstan has begun this transition, the outcomes have been partially successful. Tokayev advocates for a complete reform, focusing on community-oriented policing with district inspectors playing a crucial role.

The current police service model in Kazakhstan aims to make public safety a collective responsibility of both the police and citizens [1, p.174]. Legal psychology and pedagogy research address various challenges in optimizing support for law enforcement practices, including tackling corruption tendencies within individuals [2].

The interaction between law enforcement and citizens is evolving to be more active and complex, influenced by pandemic restrictions and the digitalization trend [3, p. 289]. This change underscores the growing importance of psychological and pedagogical training for police officers to navigate increasingly non-standard issues and clarify their professional roles, particularly in terms of legitimate psychological influence and criminal deterrence [4, p. 81].

The psychological accountability of law enforcement officers for their decisions and actions has significantly increased, highlighting the complexity of their roles. Ensuring their professional and psychological readiness to act legally and ethically, avoiding errors and corrupt behaviours, has become paramount [5].

Education plays a key role in developing the personal and professional qualities of police officers, both in initial training and ongoing education [6, p. 352]. A values-oriented educational approach is essential for shaping future officers to challenge prevailing stereotypes and foster positive public perceptions [7].

Research on the personal and professional qualities of law enforcement officers, both domestically and internationally, focuses on the conditions and factors influencing their development. Despite numerous studies, the initial professional training for police service, especially within the Ministry of Internal Affairs' educational institutions, remains under-explored. The organization of this training, including the development of psychological qualities essential for law enforcement, warrants further investigation to enhance the professional and psychological readiness of recruits for their future roles.

The aim and objectives of this research is to provide a theoretical foundation for the necessity of developing psychological and pedagogical competencies and attributes that underpin professional and psychological preparedness, and to assess the extent to which these competencies and attributes have been developed among students at the higher educational institution of the Ministry of Internal Affairs.

Extensive research has focused on the nuances of the professional activities within internal affairs bodies, particularly emphasizing the attributes and expertise required of police officers and the interplay between personal growth and professional evolution (Budanov A.V. [8], Dulov A.V. [9], Kikot V.Ya. [10], Kozhevnikov V.V. [11], Minzhanov N.E. [12], Saparin O.E. [13], Stolyarenko A.M. [14], among others).

Studies on the diverse facets of professional, service-oriented, ethical, and legal education for Ministry of Internal Affairs' students have been documented by Vereshchak A.V. [15], Voronina T.N. [16], Karavaeva A.F. [17], Rabazanov S.I. [18], and Cojean [19].

The foundational training within these educational institutions and its role in the development and shaping of personality have been explored by Andrianov A.S. [20], Bogatyrev K.V. [21], Krick, A., & Felfe, J. [22], Blumberg D. [23], Kucheryavenko I.A. [24], and Stapassoli, R. A. [25], with Blumberg D. addressing the tension between recruitment standards and the quality of initial training.

Highlighting the significance of developing psychological competencies, legal experts have examined the nurturing of personal and professional qualities during the early stages of training. Andrianov A.S. discusses this development in the context of Ministry of Internal Affairs' universities [20]. Stolyarenko A.M. emphasizes the critical nature of psychological readiness for police officers, arguing that legal case processing transcends mere technical and procedural accuracy. It involves understanding human psychology due to the inherent involvement of individuals, interpersonal dynamics, and behaviours [14].

Kucheryavenko I.A. delved into the motivational readiness of cadets for service in the Department of Internal Affairs, noting the initial training's emphasis on executive functions, emotional stability, and the enhancement of professional skills. This phase is marked by acute responsiveness to new learning experiences, with proper psychological and educational support leading to reduced anxiety, increased job satisfaction, sensitivity, and a heightened interest in learning [14].

Thus, based on the synthesis of scholarly research and practical insights from the Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, it is evident that the personal and professional attributes of police officers play a pivotal role in defining the image and efficiency of the police force.

Methods:

The academic article employs a comprehensive array of research methodologies to explore the professional and psychological readiness of police officers, integrating philosophical and general scientific approaches to dissect the complexities of this subject.

